

ЛЕНИН ТУҒЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СӨЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 210 (9787) 1955 жылғы 22 октябрь Сенбі

Шығуына 36 жыл және саны 20 тыйын.

Коммунистердің оқуына күнбе-күн басшылық жасалсын

Біздің елімізде коммунистік қоғам орнату міндеттері тарихи дамуымыздың көзірткі сатысында, көзірткі жағдайда біздің партиямыздан социалистік халық шаруашылығына маркстік-лениндік жеңімпаз ілімге сүйене отырып, неғұрлым дұрыс басшылық жасауды талап етеді. Біздің Коммунистік партиямыз өзінің жауынгерлік штабы — Орталық Комитеті арқылы мұндай басшылықты жүзеге асырып та келеді, ал мұның алғағы СОКП Орталық Комитеті Пленумдарының соңғы жылдардың ішінде қабылдаған қаулы-қарарлары болып табылады.

Шаруашылықта маркстік-лениндік теорияға негізделген партиялық басшылық жергілікті партия ұйымдары арқылы, партия мүшелері арқылы жүзеге асырылады. Партияның Уставында жазылғанындай, әрбір коммунист партияның қаулы-қарарларын, жүргізіп отырған саясатын қуаттап қана қоймайды, бұл партия мүшесі үшін тым аз, ол сонымен бірге партияның саясатын белсенді түрде жүзеге асыруға тиіс, бұл саясатты еңбекшілер бұқарасының санасына жеткізуге, сөйтіп бұқараны өз соңынан ертіп, оған саяси басшы болуға тиіс.

Ал мұндай аса маңызды міндет әрбір коммунистің марксизм-ленинизмді білуін, оның данышпандық қағидаларын, формулаларын көзірткі жағдайға, көзірткі міндеттерге сәйкес практика жүзінде шебер қолдана білуін талап етеді. Маркстік-лениндік теорияның мызғымас принциптерін терең меңгермейінше, сөйтіп оны басшылыққа алмайынша, бірде-бір коммунист бұл талаптар дәрежесіне дейін көтеріле алмайды, солай болғаннан кейін оның марксизм-ленинизмді өмірде дұрыс қолдана білуі неғайбыл болады, коммунист перспективадан айрылып, саяси тоғышарлыққа ұрынады.

Міне, коммунистердің оқуына нақ осы тұрғыдан қарау керек. Нақ осы тұрғыдан алып, партия оқуы жүйесінде кадрларымызға маркстік-лениндік білім беру мәселесінің қаншалықты ма-

өткен жылғы жемпіліктерден қорытынды шығара отырып, коммунистердің оқуын едәуір дәрежеде дұрыс ұйымдастырды. Соның нәтижесінде, үйірмелер мен саяси мектептерде, семинарлар мен лекторийлерде сабақтар негізінен ұйымшылдықпен басталды да.

Алайда, жаңа оқу жылының барысында өткен жылғы кейбір жемпіліктердің бйылы тағы да қайталанып отырғандығы мәлім болып отыр. Мәселен, Ленин ауданының партия ұйымдарында жаңа оқу жылы ұйымшылдықпен басталмады. Жекелеген партия ұйымдарында коммунистердің оқуы шалағай ұйымдастырылды, ал кей жерлерде тіпті ұйымдастырылмады да. Ал аудандық партия комитеті, оның насихат және үгіт бөлімі жаңа оқу жылына өзіндік жұмысына басшылық жасауды қамтамасыз ете алмады. Аудандық партия комитетінің бұл жұмысты бүкіл жаз бойы жүргізу орнына, екі оқу жылының арасын қаникул кезеңі деп есептеп, алғашқы күндерде сабақ өткізбей, жаңа оқу жылындағы міндеттер туралы жыйналыс өткізу керек деп бастауыш партия ұйымдарына нұсқау бергені — мүлде талқаларлық нәрсе.

Жаңа оқу жылының алғашқы күндерінен-ақ белгілі болып отырған тағы бір негізгі кемшілік сол, көзірткі маркстік-лениндік теорияны өздігінен оқып, үйренуге тілек білдірген коммунистер көптеген жерлерде әлі күнге дейін жұмысқа кіріспе жоқ. Мұның басты бір себебі, ең алдымен партия ұйымдары өздігінен үйренуші коммунистерге қатаң талап қоя алмай отыр. Бірқатар партия ұйымдары әрі-беріден оқи бұған мән бермей де келеді. Қаладағы ет комбинатының партия ұйымында өздігінен үйренуші коммунистерге көмек ретінде оқылатын лекциялардың расписаниясы де таратылып берілмеген.

Осындай және басқа да бірқатар фактілер кей жерлерде коммунистердің оқуына, әсіресе маркстік-лениндік теорияны өздігінен оқып, үйренулеріне басшылықтың әлі де болса төмен екендігін көрсетеді. Ал мұн-

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінде Республиканың колхоздары мен совхоздарында 1955—1956 жылдардың күзгі-қысқы маусымында сүт өндіруді арттыру шаралары туралы

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі республиканың көптеген колхоздары мен совхоздарының СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын орындай отырып, сүт өндіруді едәуір арттыруға жетіскендігін атап көрсетті. 1954 жылдың 1 октябрінен 1955 жылдың 1 септябріне дейін Алматы ауданының Мичурин атындағы колхозында әрбір сауын сыйырдан 3179 килограмнан сүт сауылды — бұл өткен жылдың осы мерзіміндегіден 508 килограм артық; Қостанай облысындағы №48 жылқы заводында әрбір сыйырдан сауылған сүт 2587 килограм болып, 1954 жылдарыдан 1013 килограм асып түсті. Бұл мемлекетке сүт тапсыруды үш есе арттыруға мүмкіншілік берді. Қарағанды облысының Қызылтау, Көктіңкөл совхоздарында сүт сауу 641-658 килограм артты, ал мемлекетке сүт тапсыру екі еседен аса ұлғайды.

Қазақстанның колхоздары мен совхоздарының көптеген сауыншылары әрбір сауын сыйырдан 3500 литрден аса сүт сауды. Алматы ауданындағы Молотов атындағы ауылшаруашылық артелінің колхозшысы Эфиндиев жолдас әрбір сыйырдан 3575 литрден сүт алуға жетісті, сөйтіп бір жыл ішінде әрбір сыйырдан сауылған сүтті 2060 килограм арттырды.

Жекелеген сауыншылар, колхоздар мен совхоздар ғана емес, сонымен бірге аудандар да жақсы көрсеткіштерге жетті. Қарағанды облысындағы Ворошилов ауданының колхоздары әрбір сыйырдан сауылған сүтті 405 килограм, Алматы облысындағы Қаскелең ауданы 390 килограм арттырды.

Алдыңғы қатарлы аудандардың, колхоздардың, совхоздар мен МТС-тердің тажрибесі көрсетіп отырғандай, сүт саууды арттыруға сыйырлардың қысқы мезгілде азықтандыруды, бағып-қағуды жақсарту,

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНДЕ. Республиканың колхоздары мен совхоздарында 1955-1956 жылдардың күзгі-қысқы маусымында сүт өндіруді арттыру шаралары туралы (1-бет).

КОМСОМ ОЛ ТҮРМЫСЫ: Жемпіліктер батып сыналды. Қ. Жаруланса. — Аудандық комсомол комитеті мені ескермей отыр (2-бет).

РАЦИОНАЛИЗАТОРЛАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫН ӨНДІРІСКЕ ЕНГІЗУ ЕҢБЕК ӨНІМ

ДІЛІГІН АРТТЫРУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ: Х. Рахматуллин. — Жас технолог. Р. Шамисс. — Біздің рационализаторларымыз (2-бет).

Е. Александровский. Г. Нарташов. — Әрбір семья газет, журнал жаздырып алатын болсын (2-бет).

А. Нәрібаев. — Мектеп оқушылары еңбекке тәрбиелеудегі маңызды шара (3-бет).

МАМЛЮТ АУДАНЫНДА. (3-бет).

РЕРДАБИЦИЯҒА ХАТ: Д. Ковязин. — Черкасский совхозында құрылыс машар (3-бет).

ЖАҢА СОВХОЗДАН ХАТ: Б. Жақыпов. — Майбалық көлінің жағасында (3-бет).

Американ конгресшілерінің Совет Одағында болған сапарлары туралы шікірлері (4-бет).

Жак Дюклоның Париждағы митингте сөз сөйлеуі (4-бет).

Шетелдік хабарлар (4-бет).

мұның салдарынан мал қыс қолға қараған кезде сүт сауу мүлдем құлдырап кетті.

Партия ұйымдары, совет және ауылшаруашылық органдары, МТС, совхоз директорлары және колхоз басқармалары бүкіл жыл бойына сүт саууда жоғары көрсеткішке жеткен алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың тажрибелерін зерттейді және жұмыс практикасына енгізбейді. Алматы ауданының «Луч Востока» колхозында 1954 жылдың 1 октябрінен 1955 жылдың 1 майына дейін әрбір сауын сыйырдан 1386 килограмнан немесе жылдық жоспардың 54 проценттейіндей сүт сауылды. Осы мерзім ішінде Алматы ауданындағы Мичурин атындағы және Сталин атындағы колхоздарда жылдық жоспардың жартысынан астамындай сүт сауылды.

Егер колхоздар мен совхоздар, күзгі-қысқы кезде көктемгі-жазғы кездегідей сүт саууға жетіссе, онда бір жыл ішінде республикада сүт өндіру өмі еседен астам өскен болар еді. Соған қарамастан көптеген колхоздар мен совхоздарда үстіміздегі жылы малдарды күзгі қысқы бағып-қағудың басталуынан бастап-ақ сауын сыйырларды тоқ азықтандыру үшін қолда бар мүмкіншіліктердің пайдаланылуы және бұл істің ұйымдастырылуы нашар. Жай жемшөп малға берер алдында дайындалмайды, сыйырларға сүрлем азық, жүгері, огород-бақша дақылдарының қалдықтары, қант қызылшасының шөлегі мен төптері және басқа да азықтар берілмейді. Малдың уақытында суарылмауына жол беріліп келеді.

Көптеген жергілікті партия, совет органдарының, МТС-тердің, колхоздар мен совхоздардың басшылары сүт-товарлы фермаларындағы істің жайын нашар біледі, мал шаруашылығы қызметкерлерімен күнбе-күн байланыс жасап отырмайды, фермаларда тиісті тәртіп орнату, сауын мал-

сін, он күн ішінде сыйыр қораларын жөндеу және оларды отықтармен, баскішпен жабдықтау аяқталатын болсын. Сыйырларға тұз және басқа да минералдық азық-үздіксіз берілісін, малдың бірқалыпты суарылуы ұйымдастырылсын. Қолда бар барлық автомат күшімен суарғыштар, жел двигательдері, су алатын басқа да механизмдер іске қосылсын. Сыйыр қораларындағы өскі аспапты жолдар жөнделсін және жабдыкталсын, олардың бірқалыпты жұмыс істеуі қамтамасыз етілсін. Бұзауларды енесін емізіп өсіру әдісін жою мақсатында 1955—1956 жылдары барлық тұмса бұзаулаған сыйырлардың бұзауын емізбей сауу, фермаларда бұзау қораларын дайындау, МТС-терде бұзаушылардың бескүндік семинарларын өткізу, колхоздар мен совхоздарда бұзауларға сүтті қолдан беруге көшуге байланысты еңбекті ұйымдастыру және еңбекке ақы төлеу ісін өзгерту жөнінде көмек көрсету тапсырылды.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі Ауыл шаруашылығы және Совхоздар министрліктерін, облыстық партия комитеттері мен облыстық атқару комитеттерін, он күн мерзім ішінде колхоздар мен совхоздардың сүт фермаларын сауыншылармен және бұзау күтушілермен қажетті мөлшерде толықтыруға, олардың мәдени-тұрмыстық жайының бірқалыпты болуын қамтамасыз етуге, өндірістік-зоотехникалық оқу ұйымдастыруға міндеттеді. Ауыл шаруашылығы және Совхоздар министрліктері, облыстық және аудандық партия комитеттері барлық колхоздарда жай жемшөптің малға берер алдында ұсақталуын, буландырылуын және концентратты жемшөппен нәрлендіруін ұйымдастыруға, жай жемшөпті жылдамдағып сүрлеу (өзінен өзі қызу) әдісімен дайындауды кеңінен қолдануды қамтамасыз етуге, сол сияқты сабанды өк ері-

дағы, зоотехникалық ғылымының табыстары мен сыйырлардың сүт өнімділігін арттырудың өзат тажрибелерін кеңінен қолданудағы, мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін держесінде тапсырудағы және сәтудегі жауапкершілігін арттыруға міндеттеді.

Ауыл шаруашылығы және Совхоздар министрліктеріне 1955 жылы сүт сауу жөнінде жоғары көрсеткіштерге жеткен республиканың аса жөрнекті сауыншыларын бағалы заттармен сыйлауға рұқсат етілді.

Совхоз директорлары мен колхоз басқармалары әрбір сауын сыйырдан сүт сауу жөнінде әрбір сауыншыға айлық тапсырма тағайындауға, жоспарлы тапсырманы артық орындағаны үшін еңбеккүн жазу және қосымша ақы төлеу тәртібін түсіндіруге, еңбеккүннің түсірілуі дұрыстығын және қосымша заттай ақынның берілуін қатаң бақылауға тиіс.

Колхоздарға тағайындалған тапсырмадан тыс сауған сүттің 20 проценттейіндей мөлшерде сауыншыларға ай сайын қосымша ақы беріп тұру ұсынылды. Тұмса бұзаулаған сыйырларды сауып байқауға ерекше көңіл бөлу, құнажындарды сауыншыларға бұзауламастан үш ай бұрын мерзімнен көшіктірмей бекітіп беру, оларды бұзаулағанға дейін де, бұзаулағаннан кейін де дұрыс азықтандыру тапсырылды.

Ет-сүт тағамдары өнеркәсіп министрлігі (Гарағаш жолдас) колхоздар мен совхоздардан сүттің үздіксіз қабыдануын қамтамасыз етуге, республиканың барлық аудандарында май өндірісі сүт қабылдау пункттерінің бүкіл жыл бойына жұмыс істеуін ұйымдастыруға, пункттердің күзгі-қысқы кезде жабылып қалуына жол бермеуді қамтамасыз етуге тиіс.

Қазақстан тұтынушылар одағы (Царев жолдас) колхоздарға сүт ыдыстарының, сүт машиналарының және басқа да сүт құрал-жабдықтарының сәтудің қам-

қызды өкпенің түсіну жері.

Жасыратыны жоқ, өткен оқу жылында коммунистердің оқуын ұйымдастыруда, оған басшылық жасауда бірқатар көмшіліктер мен қателіктерге жол берілді. Көптеген партия ұйымдары партия оқуы жүйесіндегі еріктілік принципі дегенді біржақты түсініп, мұның өзін кей жағдай да теріс ұранға айналдырып алды. Соның салдарынан коммунистердің басым көпшілігі маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренушілер тізіміне формальды түрде алынды да, бұлар іс жүзінде өздерінің саяси білімін көтеру жөнінде ешқандай да жұмыс істемеді. Бірқатар бастауыш партия ұйымдары, аудандық партия комитеттері бұл жұмысқа тиісінше басшылық жасай алмады, біріншай шаруашылық мәселелерімен айналысып, саяси жұмысты әлсіретіп жіберді.

Маркстік-лениндік теорияны өздігінен оқып, үйренудің қанағалықты маңызды екендігін айтып жатудың қажеті жоқ. Бұл жай баршаға мәлім. Коммунистің өз білімін өздігінен көтеруі — партия оқуының негізгі формасы. Сондықтан әлі де болса бұл мәселеге барынша назар аудару қажет. Алайда коммунистің жалпы білім дәрежесімен, саяси даярлығымен санаспастан оны өздігінен үйренушілер тізіміне тіркей салуға болмайды.

Быйыл, партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылында, облыс партия ұйымы

дан партия ұйымдары өздерінің есебіне тұратын коммунистердің саяси білімдерін арттырмайынша, кадрлардың марксист-ленинизмді тынбастан меңгеруін жоғары саптыға көтермейінше шаруашылық жұмыстарында жаңдай табысқа және қалай жетпек! Жөк, мұндай «табыс» тек «іс» ғана, сусымалы құм үстіне орнатылған үйшікпен бірдей болмақ.

Коммунистік құрылысқа партиялық басшылықты жүзеге асыру марксист-ленинизмді терең меңгеруді, ал коммунистердің бұл жолда жұмыс істеуі оған партия ұйымдары тарапынан күнбе-күн басшылық жасауды қажет етеді.

Партия оқуына басшылық жасау ең алдымен коммунистерге жан-жақты көмек көрсетуден, олардың оқуына қажетті жаңдай тұтызудан басталуы керек. Үйірмелер мен мектептерде оқушыларға, сондай-ақ өздігінен үйренушілерге насихатшылардың, лекторлар мен консультанттардың тыңғылықты көмегін ұйымдастырмайынша, коммунистерден оқуды талап ету — қыйсыныс іс.

Коммунистердің оқуы туралы мәселе партия жыйналыстарында оқтын-оқтын талқыланып, оларда саяси білімдерін арттырудан бойын аулақ салатындарды қатты сынға алып отыру қажет, сөйтіп бұл мәселеге партия ұйымдарының күнбе-күнгі жұмысында барынша көп назар аударылатын болсын.

Облыстық партия комитеті мен еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқару комитетінен

Қазақстан Коммунистік партиясы облыстық комитеті мен еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқару комитетінің бірінші орынбасары, облыстық партия комитетінің бюро мүшесі, облыстық Советтің депутаты, облыстық Советі атқару комитетінің мүшесі, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты.

Андрей Андреевич
КАЛИНИННИҚ

Осы жылғы 21 октябрьде кешеттен қайтыс болғандығын қайғырып хабарлайды.

ҚАЗАҚСТАН КП ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІ

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІ

А. А. Калининді жерлеуді ұйымдастыру комиссиясынан

А. А. КАЛИНИННИҚ денесі салынған табыт еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқару комитеті үйінің мәжіліс залына қойылады.

Марқұм А. А. КАЛИНИНМЕН қоштасу үшін осы жылғы 22 октябрьде, күндізгі

сағат 12-де жұрттың бәріне есік ашылады.

А. А. КАЛИНИН осы жылғы 23 октябрьде, жекеменші күні, күндізгі сағат 12-де қалалық зиратта жерленеді.

бузауларды енесін өмірін өсіру өдісін жою және сыйырлардың мерзімінен бұрын суалдырылуына жол бермеу нәтижесінде қол жетті. Мәселен, Ақмола ауданындағы «Красный флаг» колхозында бузауларға сүтті қолдан беру және сыйырларды бүткіл сауу мерзімі бойына сауу есебінен сүт сауу 799 литр өсті.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Министрлер Советі осымен бірге республика колхоздары мен совхоздарында сыйырдың құнарлылығы әлі де мүлдем төмен болып отыр деп есептейді. Осы жылдың 1 октябріне дейін республика колхоздарында әрбір сауын сыйырдан 931 килограмнан, ал совхоздарда 678 килограмнан ғана сүт сауылды. Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстарының колхоздары мен совхоздары, Ақтөбе облысындағы Мартөк, Родников аудандары, Батыс Қазақстан облысындағы Приурал және Зеленов аудандары, Павлодар облысының Лебяжі және Цюрупа аудандары тіпті сүт сауудың өткен жылмен салыстырғанда жемін кетуіне жол берді.

Сүт сауу ісінің қанағаттанғысыздық сыры мынау: Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және Совхоздар министрліктері, облыстық, аудандық атқару комитеттері, облыстық және аудандық партия комитеттері колхоздар мен совхоздарда СОБН Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысына сәйкес сүт өндіруді ұлғайту жөнінде белгіленген шаралардың орындалуына бақылауды жеткіліксіз жасады, колхоздар мен совхоздарда сүт шаруашылығын жүргізудің ескірген әдістерін қолдануға қарсы табанды күрес жүргізбеді. Бірқатар облыстар мен аудандардың колхоздары мен совхоздарында осы уақытқа дейін маусымдылық жойылмай келеді,

дардың күтілуін, азықтандырылуын және бағылып-қағылуын дұрыс ұйымдастыру жөнінде нақтылы көмек көрсетпейді.

Көптеген колхоздар мен совхоздарда сауыншыларға сүт сауу жөнінде айлық тапсырма тағайындалмайды. Сауылған сүттің есебін алу және еңбеккүн жазу бетімен жіберілген. Зәттай қосымша ақы мен ақпалай аванстар уақытылы беріліп тұрмайды.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақстан Министрлер Советі Ауыл шаруашылығы министрлігін (Мельник жолдас), Совхоздар министрлігін (Родивец жолдас), облыстық және аудандық атқару комитеттерін, облыстық және аудандық партия комитеттерін күзгі-қысқы маусымда сүт өндіруді барынша ұлғайтуға жетісу үшін шұғыл шаралар қолдануға міндеттеді. Осы мақсатта сыйырларды күзгі мерзімде жайылымда бағумен бірге, оларға құнарлы және басқа да жеміш берілуі үшін сүрлемді, қант қызылшасының пәлектері мен төгілерін, жақсы шөп және басқа да азық беру ұсынылды. Құнарлы жемішті дұрыс пайдалануға ерекше көңіл аударылды. Фермаларда мынадай тәртіп орнатылуға тиіс: сауын сыйырларға бүткіл сауын кезінде құнарлы азық берілісін, құнарлы азық мөлшері сауылатын сүт мөлшеріне байланысты белгіленсін, сөйтіп әрбір сыйыр бузаулардан кейін кемінде он ай сауылатын болсын. Он күн ішінде сүт-товарлы фермаларда жұмыс тәртібі және күзгі-қысқы кезде сыйырларды азықтандыру нормалары белгіленсін, ол ферма қызметкерлерінің кеңестерінде талқылансын және оны колхоз басқармасы мен совхоз директорлары бекітетін болсын. Сүт фермаларына жеміш тасу үшін қажетті транспорт күші бөлін-

Агрономдар мен зоотехниктер колхозға мүше болуда

Қазақстанда агрономдар мен зоотехниктерді машина-трактор станцияларының штаттарынан колхоздарға ауыстыру жұмысы аяқталып келеді. Қазірдің өзінде 4 мыңға жуық маман ауылшаруашылық артельдеріне мүше болып кірді.

Жуырда Алматы МТС-інің штатында 19 маман болушы еді. Қазір станцияда бас агроном, оның орынбасары, зоопартия экономист, энтомолог, өсімдіктерді зиянды жәндіктерден қорғайтын техника және бас зоотехник қана қалды. 13 агроном мен зоотехник осы МТС-тің қамтуындағы «Луч Востока», Калинин ағындары, Мичурин атындағы, «Қызыл Ту»,

«Горный гигант», «Парижская коммуна» және «Красный трудовик» колхоздарына мүше болып кірді.

Агроном П. Н. Комлев МТС-тен ай сайын 972 сом еңбекқы алатын еді. Ол Мичурин атындағы колхозға мүше болып, енді артель председателіне жазылатын еңбеккүннің 80 процентін алатын болды. Сыпайылап айтқанда оның орташа айлық жалақысы енді 1800 сомнан айналады. Алматы МТС-інің аймағындағы колхоздар мамандарға арнап үй іргесіндегі учасіктер бөлді, олардың үй салуына, мал сатып алуына көмектесуде. (ҚазТАГ).

Малшыларға арналған товарлар

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Облыстың тұтынушылар кооперациясы мал өсіретін аудандардың селолық магазиндеріне өнімдер мен өнеркәсіп товарларын көп аларып жатыр. Көптеген мақталы шабар, пшча, етлік, бөрік, сырыма және басқа қыстық

кіімдер мен аяқкіімдер, ондаған тонна қант, толыш жатқан ұн, оттық, керосин, 80 центнер шай апарылды.

Шығыс Қазақстанның малшыларына сатылатын товарлардың мөлшері былтырғыдан бір жарым еседей көп болады.

тәсілмен өңдеуді (әрбір центнер сабанға 3 килограмм езілмеген ақ немесе 25 шелек суға езілген 4,5 килограмм өк ұлпасымен) практикаға енгізуге тиіс.

МТС және совхоз директорлары, колхоз председателдері он күн мерей ішінде Сельхозснаб пен Совхозснаб қоймаларында жатқан жеміш өңдейтін машиналардың алынуын және олардың фермаларға орнатылуын қамтамасыз етуге, сол сияқты жемішті малға берер алдында дайындау үшін қолда бар машиналарды жөндеуге, өзінен өзі қызу жолымен сабанды буландыру үшін орлар қазуға, жабайы жеміш өндіретін машиналарды, сабанды өкпеу үшін қалқандар, жөшіктерді, күбілер дайындауға және қажетті ұсақ құралдарды сатып алуға міндетті. Фермаларды механикаластыру жөніндегі жабықтау және құралдары монтаждау жұмыстарын орындау үшін әрбір МТС-те станция қызметкерлерінен монтажды бригадалар құрылсын.

Ауыл шаруашылығы және Совхоздар министрліктері мал қолға қараған кезде сыйырлардың сүт өнімділігін молайту және жемішті малға берер алдында дайындау мәселелері бойынша сүт-товарлы фермасының меңгерушілерінен осы жылғы октябрьде бескүндік семинарлар өткізуге, бұл жұмыстарды алдыңғы қатарлы колхоздар мен совхоздардан көрсетуге тиіс.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен республиканың Министрлер Советі Ауыл шаруашылығы және Совхоздар министрліктерін, облыстық және аудандық атқару комитеттерін, облыстық және аудандық партия комитеттерін колхоз және совхоз мамандарының сыйырлардың алуғын азықтандырылуын ұйымдастырудағы, олардың қысыр қалушылығын жою-

тамасыз етуге, елді жерлерден алыстағы сүт-товарлы фермаларының қызметкерлері үшін көпшілік қолды товарлардың апарылып сатылуын ұйымдастыруға тиіс.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі облыстық және аудандық партия комитеттерін, облыстық және аудандық атқару комитеттерін сүт-товарлы фермаларының қызметкерлері арасында бұқаралық-саяси жұмысты күшейтуге, колхозшылардың, совхоз жұмысшыларының сыйырлардың сүт өнімділігін арттыруға бағытталған инициативасын үздіксіз қолдап отыруға, сауыншылардың және сүт-товарлы фермаларының басқа да қызметкерлерінің арасында сүт өндірісін ұлғайту және жеміш берер сүт тапсыру және сату шеңберін мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен ұйымдастыруға міндеттеді.

Республикалық және облыстық газеттердің редакцияларына ай сайын, ал аудандық газеттерге айында кемінде екі рет алдыңғы қатарлы аудандардың, МТС-тердің, колхоздардың, совхоздардың, сүт-товарлы фермаларының, таңдаулы сауыншылардың, малшылардың — малды бағушылардың, ферма меңгерушілері мен зоотехникалық және малдәрігерлік мамандардың тізімдерін жариялап тұру тапсырылды. Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі Ауыл шаруашылығы және Совхоздар министрліктерін, мәдениет министрлігін, республикалық және облыстық газеттердің редакцияларын және радио хабарларын тарапатын республикалық комитетті күзгі қысқы кезде сүт өндіруді ұлғайту жөніндегі колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың оват тәжірибелерін кеңінен насихаттауға міндеттеді.

Автоматтанған тозақ-көмір фабрикасы

БАЛҚАШ. (ҚазТАГ). Балқаштағы мыс қорыту зауытында тозақ-көмір фабрикасын салу аяқталды. Металлургиялық цехтың технологиялық қажеттері үшін көмір тозақтарын шығару жұмысы автоматтандырылды. Арнаулы тетіктер мен құралдар өндіріс процесстерінің бәрін реттеп отырады. Алыстан тартылған желі бір адамның көмірді ұнтақтау жұмыстарын түгел басқарып отыруына мүмкіндік береді. Дирекнге жүк тиеу жұмысы автоматпен реттеледі, ауаның көмір тозаңын көптіруге керекті температурасы да ав-

томатпен реттеледі. Сол сияқты, автоматтық шөмішті таразылар орнатылған.

Фабрикада барлығы 18 автоматтық система орнатылды, 180-ге жуық өртүрлі ең жаңа құралдар қойылды.

Бұрын автоматика мен құралдарды байқау, жолға қою жұмыстарын жүргізу үшін завод маманданған қосшырындардан көмек сұрайтын еді. Қазір бұл жұмысты заводтың бақылау-өлшеу құралдарының мастерскойларының жас мамандары жүргізеді.

Жаңа қоныстанушыларға арналған үйлер

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Облыстың тың жерлердегі астық совхоздарында жаңа тұрғын үйлер пайдалануға беріліп жатыр. Қашал астық совхозында көп пәтері үш, төрт пәтері алты үйге адамдар жіберілді. Тағы да 8 тұрғын үй бітуге айналып келеді. Бұл совхоздың жүзге жуық мамандары мен механизаторлары жаңа үйлерден пәтер алды.

Сол сияқты «Пограничник» колхозының 50-ге жуық жұмысшысы да жаңа үйлерге көшіп шықты. Олардың ішінде тракторшылар Нуржық, Герасимов, отодод бригадасының қызметкері Логашенко, бригадир Сычов және басқа жоластар бар.

Қарашоқы астық совхозында төрт пәтері жыйырма үйге адамдар жіберілді.

КОМСОМОЛ ТҰРМЫСЫ

Кемшіліктер батыл сыналды

(Петропавл темір жол торабының комсомол конференциясынан)

Петропавл темір жол торабының комсомол ұйымы қаладағы ең ірі ұйымдардың бірі. Торап комсомол ұйымының қатарында мыңнан астам БЛКЖО мүшесі бар. Оларды өндірістің тағдыры шешіліп жатқан барлық учаскелерде кездестіруге болады. Көптеген комсомолдар СОБП Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысымен жігерленіп, партиямыздың XX съезі құрметіндегі социалистік жарыста жүн асқан сайын табыстан-табысқа ие болуда.

Алайда, торап комсомол ұйымының барлық жұмысын қанағаттанарлық кемшілігі жоқ деп айтуға болмайды. Комсомолдар мен одақта жоқ жастар арасында өнімнің түсер бағасын төмендету, еңбек өнімділігін арттыру, жаңа техниканы мейлінше тиімді пайдалану, рационализаторлық ұсыныстар мен жаңалық тапқыштарды кеңінен қолдау, оларға жылжыты жағдай туғызу, социалистік жарысты мейлінше өрістету сияқты жұмыстармен комсомол комитетінің мүшелері нашар шұғылданып келеді. Сондықтан да комсомолдар комитет мүшелерінің адресіне өткір, батыл сындар айтты. Әресе, сындық басым көпшілігі тепловоз депосы комсомол комитетінің басшыларына бағытталды.

Әресе, паровоз бригадасының комсомол ұйымы өз жұмысын соңғы айларда әлсіретіп жібергені, ұйым секретары Шанин жолдастың комсомолдардан қол үзіп көркендігі қатты айтылды.

Депоның тепловоз депосына айналуы цехтарда үлкен техникалық өзгерістер туғызды. Ал комсомол ұйымы бұл жаңалыққа ілесе алмай қалды. Себебі комитет және бюро мүшелері комсомолдар мен жастарды жаңа техниканы шапшаң меңгеруге жұмылдыра алмады. Тепловоздың жүре бастағанына бес ай уақыт өтсе де, әлі күнге дейін көптеген цехтарда жұмыс ескі әдістермен істеледі. Алғашқы кезде партия ұйымының басшылығымен 11 тепловоз колоннасы ұйымдастырылған болатын. Оның тең жартысында комсомолдар мен одақта жоқ жастар жұмыс істеді. Социалистік жарыста комсомол-жастар колоннасы бірінші орынға ие болып келді. Алайда, екі-үш ай өткеннен кейін комсомол комитеті ол колонналар туралы мүлдем ұмытты. Жас тепловозшыларға деген қамқорлық жасалмады. Жаңа техниканы тиімді пайдалану жөнінде тәжірибе ауыстыратын техникалық үйірмелер атымен ұйымдастырылғаны. Осының салдарынан жастар колоннасы бірінші орыннан құлдырап, ең төменгі орынға түсті.


митетінің секретары Обухова жолдастар тек жалпы нұсқаулар берумен, әртүрлі қаулы-қарарлар шығарумен ғана айналысып келеді. Бұл жолдастарды цехтардың ішінде, комсомолдардың арасында жанды басшылық жасап, цехтарды аралап жүргенін өте сирек көрдік. — деді сөйлеушілер. Ал Ясар, Мещеряков, Обухов сияқты кейбір комсомолдардың еңбек тәртібін бұзып, жат қылықтармен айналысып жүрген кездері де болды.

Социалистік жарыстың ұйымдастырылу жайы да өте нашар. Оған мына бір факті толық дәлел. Кондукторлар резервінде комсомол-жастар колоннасының жұмыс істеп келе жатқанына 9 айдан астам уақыт болды. Бірақ бұл колонна өндірісте басқа колонналардың ең соңында келеді. Оның себебі не? Ең басты себебі, колонна жұмысымен, оның күнделікті өмірімен өзіміз танысқан емес. Социалистік жарыстың өзі тек қағаз жүзінде ғана ұйымдастырылған. Комсомолдар жұмысты қалай істейді, оларға не қажет — бұл жөнінде комитет мүшелерінің бірде-бірі 9 ай бойына есіне де алмады.

— Біздің колонна тек қағаз бетінде ғана комсомол-жастар колоннасы деп аталады. Ал іс жүзінде бұл комсомол-жастар колоннасы емес, — деп мәлімдеді өзінің сөзінде колонна мүшесі комсомолдар Гоздерев жолдас. — Өйткені бұл колоннада істейтіндердің тең жартысынан көбінің жасы 40-50-ден асып кеткендер. Ал комитет мүшелері бұл колоннаны шіміршілей жастар колоннасы деп атап жүр.

Комсомол ұйымының ішкі жұмыстары да маз емес. Тораптың комсомол комитеті өткен жылы өсеі беру-сайлау жыйналысынан кейін комсомол активтерінің басын қосып, бірде-бір рет жыйналыс өткізбеді. Бастауыш комсомол ұйымдарында өткен жыйналыстар өз дәрежесінде болмады. Сын мен өзара сын нашар өрістетілді. Осының салдарынан, одақта жоқ жастардың өзін былай қойғанда, кейбір комсомолдар маскүнемдікке, тәртіпсіздікке, еңбек тәртібін бұзушылыққа, социалистік жатақхананың ережесін бұзуда дейін барды. Тіпті станция бастауыш комсомол ұйымының жүзге жуық БЛКЖО мүшелері өсеі беру-сайлау жыйналысына үш күн жыйналып, төртінші күні жыйналысты әрең дегенде өткізді. Өйткені алғашқы үш күн бойы жыйналысқа бес-алты адамнан артық ешкім келмеді.

Конференцияға қатысушылар торап комсомол комитеті мүшелерінің жылдық жұмысын қанағаттанарсыз деп тапты.



МОСКВА ОБЛЫСЫ. Ногинск ауданында Куйбышев су электр станциясынан электр қуатын алуға арналған кіші станция құрылысы аяқталып келеді. Станция отандық техникамен жабдықталған.

СУРЕТТЕ бригадир Н. Ф. Грищенко (жоғарыда) мен слесарь-механик В. В. Корчуковтың электрді сөндіретін және жандыратын тетіктерді орнатып жатқан кезі.

Институт жасаған машиналар

Кен прокаткалау жұмыстарына арналған жаңа машиналар мен механизмдерді жобалайтын мемлекеттік жоба — конструкторлық институт («Гипрошахтостроймаш») кеншілердің жаңа шахталар мен ашық шахталарды неғұрлым тез салуына көмектесуде. Институттың коллективі жоғары өнімді бірқатар жаңа агрегаттар жасап, оларды сынап, жұмысқа пайдалану үшін тексерді. Бұлардың арасында шахта стволдарын прокаткалаған кезде суды сорып шығаратын аспапты насос бар. Осындай 20-дан аса насос «Каменшахтострой» комбинатының, сондай-ақ «Сталиншахтопрокатка» және «Красноармейскшахтострой» тресттерінің жаңа көмір құрылыстарында өздерінің пайдалану сапасының жақсы екенін көрсетті. Суды сорып шығаратын жаңа тетіктер бұдан бұрынғы тетіктерден анағұрлым өнімді болып шықты. Олар көздің өзінде 2 мың сағаттан аса уақыт жұмыс істеді, осы көздің ішінде бірде-рет тоқтап бұзылған емес.

Осы институттың мамандары конструкторлар батырмалы артезиан насостары

РАЦИОНАЛИЗАТОРЛАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫН ӨНДІРІСКЕ ЕНГІЗУ ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

ЖАС ТЕХНОЛОГ

Петропавлдағы электр қуатын өткізбейтін бұйымдар жасайтын заводтың «Заря» атты қабырға газетінің август айындағы номерінде партия ұйымының секретары Алексеев жолдастың «Қош келдіңдер, жас мамандар!» деген мақаласы жарияланды.

— Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің июль Пленумы еліміздің байлығы мен қуаттылығының негізі — социалистік өнеркәсіпті жаңа қарқынмен өрге бастыру міндетін қойды. Жас мамандар, заводьымызда техникалық прогресті дамыту, өндірісті ұйымдастыруды жақсарту ісіне абыройлы үлес қосыңдар! — деп жазылысты онда.

Бұл жылы сөздер еліміздің әртүрлі техникалық жоғары оқу орындарын бітіріп, осы заводқа желден өрендер сияқты Израил Кушнирді де қатты толқытып еді.

— Жастық алғырлықпен іске кірсің, сенімді ақпаймыз, — деп түйді ол.

Қала үстіне түн көрпесі жабылғалы көп болды. Израил Кушнир әлі жатқан жоқ. Ол отырған жұмыс столының үстінде түрлі кітаптар, әлшейін сызылғандар, қарындаштар жатыр. Біресе кітапты аударыстырып оқып, алдындағы қағазға үйіледі, даяр чертежге көз жүгіртіп, оған өзгеріс енгізеді. Біресе логарифм сызығында есептеп, оған цифрлар қондырады да, салалы қолымен кең маңдайын тіреп, бір сәт ойға шоғылды.

Бұдан бірнеше жыл бұрын жөндеу цехының жаңашы слесарі Иван Черемушкин заводтың миканит машинасына бірсыпыра өзгерістер енгізген болатын. Өйткені оның өнімділігі төменді, даярланған миканитті табақтап кесу қолмен жүргізілетін. Бірақ Черемушкин енгізген бұл жаңалықтың өзінде көп кемшіліктер бар

еді. Слесарьдың техникалық білімінің жетімсіздігінен машинаға жаңадан орнатылған механизмдердің, кептіргіш камераның жұмысы технологиялық жағынан дұрыс есептелінбегенді. Өзі технолог болып тағайындалған № 3 цех жабдықтарының жұмысын жақсартып, кәзіргі өндіріс алаңынан алынатын өнімдерді арттыруды алғашқы күндерден қолға алған жас маман Израил Кушнир миканит машинасының бұл кемшіліктерін бірден көрді.

Цехты аралап келе жатқан Израил қалдар орналасқан бірнеше миканит машинасының тоқтап тұрғанын байқады. Машиналарды қамтушылар да желімдеу стилінің үстіндегі миканит құрамына шіретін ақшыл түсті қағазға балауызды слюданы жапсырып тастап қарап отыр екен.

— Неге босқа қарап отырсыздар, әлде машинаның бір жері сынды ма?

— Жоқ... Ештемесі де сынған жоқ. Бірнеше метр қағазға балауызды слюда жапсырылған соң оны кептіргіш камераға қойған кезде машина белгілі тоқтап тұрады...

Машинаның жұмыс істеу принципімен үйіле таныса келе технолог қағазға балауызды слюда жапсыру, оны лентамен жылжыту жылдамдықтары кептіргіш камераның кептіру жылдамдығынан едәуір шапшаң өккендігін анықтады. Сонымен бірге жалтырату механизміне балауыздың қолмен құйылатынын аңғарды.

— Миканит машинасының түрлі тораптарының жылдамдықтарын сәйкестендіру және балауыздың автоматтық жолмен құйылуын қамтамасыз ету керек, — деген қорытындыға келді Израил.

Жас технолог Израил Кушнир еңбегімен өз чертежы бойынша барлық миканит машинасына балауызды автоматты жолмен қуатын бактар орнаттырды. Содан кейін негізгі мақсат — машинаның үздіксіз жұмыс істеуіне бағытталған технологиялық есептеу, сол бойынша машина құрылысына енгізілетін өзгерістер чертежын жасауға кірісті. Міне ол бүгін сол жұмысты аяқтап дұрыстығын қайта-қайта ойластырған еді.

Жуырда завод мамандары мен рационализаторларының кеңесі Израилдың дәл есепке негізделген чертежын дұрыс деп тауып, дереу өндіріске қолдануға ұйғарды.

— «Енді миканит өндіру көнбейерлі әдіспен жүргізілетін болады. Мұның нәтижесінде еңбек өнімділігі бірқарым еседей артады, — дейді завод директоры Семен Ефремович Кузин жолдас.

— Айта келген жөн, — деді онан әрі Семен Ефремович, — Москваның энергетикалық институтын бітіп рана бітіріп келген жас технолог Израил Кушнирдің прогресс жолында өндіріске енгізген үлесі бұл ғана емес. Оның жаңалық ұсынысы микафоль жасаудың сапасын жақсартып, мемлекетке жылына ондаған мың сом пайда келтіретіндей көмек тигізді. Бұрын микафольте № 6, 5 және № 7 смодалар жабылатын-ды. Израилдың ұсынысы бойынша тек № 7 смода ғана жабылатын болды. Ал ол № 6.5 смодадан анағұрлым арзан.

Жоғары оқу орнынан жеңіске толы қызу өмірдің кең де даңғыл жолына жаңа ғана түскен жас маманның алғашқы қадамы, міне, осындай.

Х. РАХМАТУЛЛИН.

Біздің рационализаторларымыз

Шағын двигателдер зауыдының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері СОБП Орталық Комитеті июль Пленумының «Өнеркәсіпті оған әрі өрге бастыру, техникалық прогресс және өндірісті ұйымдастыруды жақсарту жөніндегі міндеттер туралы» қаулысын қызу қарсы алды. Бұл күндері зауытта жаңа техниканы өндіріске енгізу, технологиялық процестерді жетілдіру және қолда бар жабдықтарды тиімді пайдалану жөніндегі жұмыстар кең өріс алууда.

Жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің көпшілігі жаңалықтан

тек бір ғана кескіп қолданылатын болды. Белов енгізген бұйымғы жаңалық ұсыныстар нәтижесінде завод 10 мың сомнан астам үнем жасайды.

Николай Беловтың Петропавл шағын двигателдер зауыдында істей бастағанына небары 4 жылдай ғана болды. Ол мұнда Совет Армиясы қатарынан келгеннен кейін жұмысқа еріктасқан-ды. Токарлық жұмысты үйренушіден бастаған ол кәзір кәсіпорны озаттарының қатарына қосылды. Жаңашыл токар өзіннің білгенін басқа тәжірибесі аз жолдастарына жалықпай үйретеді. Мысалы, бұйым жаңа модельді винт кесетін

Павел Кузрянов жолдастар да белсене араласады. Олардың ұсынысы және жүргізген тәжірибесі бойынша қартердің он және сол жақ бөліктеріне ұлтқара және сондай алюминий тетіктерге бұранда жасау кәдімгі «ДИП—200» токар станогінде жүргізілетін болды. Ал бұрын ол жұмыстар қолмен орындатын. Осының нәтижесінде тетіктерді өңдеу уақыты көп қысқарып, кәсіпорны бір жылда 16 мың 30 сом мемлекет қаржысын үнемдейтін болды.

Осы цехтың конструкторы Владимир Заярный мен аға налащик Николай Ильичевті те завод коллективі жаңалық

Покрасов, паровоз бригадлары комсомол ұйымының секретары Шанин, торап ко...

конференция торап комсомол комитетінің жаңа құрамын және қалалық комсомол конференциясына делегаттар сайлады.

Аудандық комсомол комитеті негізін ескермей отыр

Қыс жақындап қалды. Қоғамдық мал үшін қыс айларына жеткілікті жемшөп, жылы әрі жайлы қора керек. Аудан жастары, әсіресе комсомолецтер шаруашылықтың бұл саласында асқан белсенділік көрсетіп, қажырлы еңбек етуге тиіс. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру міндеттерін жүзеге асыру күресінде комсомолецтер мен одақта жоқ жастардың мал өсірушілер арасында ең алдыңғы сапта болуы керек.

Ал ҚЛКЖО Приешім аудандық комитеті және оның секретарьлары Ткаченко мен Шигапов жолдастардың бастауыш комсомол ұйымдарына басшылығы осыған бағытталып отыр ма? Жоқ. Олай дейтініміз күні бүгінге дейін аудандық комсомол комитетінде комсомолецтер мен одақта жоқ жастардың мал қыстату әзірағыне қатысы туралы сөз де болмай келеді.

Ауданда барлығы 67 бастауыш комсомол ұйымы бар. Олардың тең жартысына жуығы колхоз, совхоз, МТС бастауыш комсомол ұйымдары. Бұл ұйымдар өзіне жүздеген комсомолецтерді біріктіріп, мыңдаған одақта жоқ жастарды қамтыды. Міне, мұның өзі мал шаруашылығын өркендету жолында аз күш емес. Мәселе комсомолецтер мен одақта жоқ жастардың осы зор күшін орынды пайдалана білуде болып отыр. Бұл үшін аудандық комсомол комитеті бастауыш комсомол ұйымдарына басшылықты жақсартуға тиіс.

Бірақ бұл жағдай іс жүзінде іске асырылмаған. Әлі күнге дейін мал шаруашылығына тікелей қатысы бар комсомол ұйымдарының бірде-бірінің мал қыстатуға қаншалықты әзір екендігі жайында комсомол комитетінің мәжлісінде мәселе қаралмады. Сондықтан да комсомол комитетіне бастауыш ұйымдардың мал қыстатуға қаншалықты әзір екендігі белгісіз.

Комитет секретарьлары Ткаченко және Шигапов жолдастар аудан мәжлісіндегі мал фермаларында жыл бойына қанша комсомолецтер мен одақта жоқ жастардың істеп келгендігін, егін орағы аяқталған-

нан кейін қоғамдық малды ойдағыдай қыстату үшін фермаларға қанша БЛКЖО мүшесі мен одақта жоқ жастардың жіберілгендігін білмейді.

Өткен жылы аудан мал фермаларында жемшөптің жеткіліксіздігінен, қоралардың жылы, жайлы болмағандығынан, күтімнің нашарлығынан едәуір мал басының шығын болуына жол берілді. Көптеген бастауыш комсомол ұйымдары мал шығынына қарсы күрес жүргізбеді. Сол кемшіліктердің бйылы тағы да қайталанатын хауәлі бар. Оны мына бір фактінің өзі-ақ аңғартады. «Бостандық» колхозының сыйыр фермасында соңғы 10 күннің ішінде 5 бұзау шығын болды. Оның себебі бұзауларды күтіп, бағатын адамдардың болмағандығынан.

Колхозда 10-ға жуық мал қоралары бар. Ол қоралардың әлі күнге дейін бірде-бірі толық жөндеуден өткізіліп біткен жоқ. Қора жөндеу жұмысына бастауыш комсомол ұйымы бірде-бір БЛКЖО мүшесін болмеді. 100 бастық сыйыр қорасы құрылысының басталғанына жылға жуық уақыт өтті. Ол қора құрылысының қашан бітетіні де белгісіз. Ұйымдағы 27 комсомолецтен (секретары Т. Жанболатов жолдас) 3 адам ғана мал фермаларында істейді. Қалғандары өкілші кезектегі жұмыстармен айналысып жүр.

Октябрь айының 15-не дейін қолына комсомолдық жолдама беріліп, мал фермасына жіберілген бірде-бір комсомолец болмады. Ал аудандық фермаларға 22 сауышшы, 14 бұзау шүтуші, 11 бақташы, 14 шоппан және 6 шоппа өсіруші жетпейді. Тек «Большевик» колхозының фермасына ғана үш сауышшы керек.

Аудандық комсомол комитетінің секретарьлары Ткаченко және Шигапов жолдастардың бастауыш комсомол ұйымдарына басшылықты жақсартып, қоғамдық малды ойдағыдай қыстатып шығаруға аудан комсомолецтері мен одақта жоқ жастарын жұмылдыра білулері керек.

Қ. ЖАСУЛАНОВ.

Комсомол документтерін ауыстыруға әзір

Баян орта мектебінің (Преснов ауданы) бастауыш комсомол ұйымының секретары З. Мырзабаева жолдас ұйымда тұратын комсомолецтердің толық есебін алып, аудандық комсомол комитетіндегі есеп карточкаларымен салыстырды. Ұйым есебінен шықпай басқа жаққа кетіп қалған комсомолецтердің адресі анықталып, аудандық комитетке хабарландырылды. Сонымен бірге мектеп комсомолецтерінің жалпы жыйналысында комсомол документтерін ауыстыру жөніндегі БЛКЖО

Орталық Комитетінің арнаулы нұсқауы талқыланды.

Нұсқаудағы шараларды мұлтжыс орындау жөнінде, оқушылар арасындағы оқу-тәрбие жұмысын жақсарту туралы нақтылы міндеттер белгіленді. Көзір мектеп жанындағы бастауыш комсомол ұйымының есебіндегі БЛКЖО мүшелері комсомол документтерін ауыстыруға толығынан әзір.

И. ОСКЕНБАЕВ.

көрсетті. Мәселен, «Гипрошахтостроймаштың» чертеждері бойынша жасалған нәрсенің осындай жұмыс атқаратын бұдан бұрынғы күрделі және ауыр поршнді насостардан көптеген артықшылықтары бар. Жаңа агрегат пайдалануға қолайлы және беркі.

«Гипрошахтостроймаш» конструкция-лаған бұрғылайтын «УКС-22» маркалы сөкпақ арқанды станоктер кәзіргі кезде «Союзшахтоосушение» тресінің Тула, Октябрь және Калуга бөлімшелерінде жұмыс істейді. Бұлардың көмегімен бұрғылаушылардың еңбек өнімділігі орта есеппен 20 проценттен аса арттырылды.

Көмір өнеркәсіп орындары құрылысының министрі бас басқармалардың, заводтардың және көмір құрылыстарының басшыларына «Гипрошахтостроймаш» конструкциялаған машиналар мен механизмдерді енгізу ісін жеделдетуді ұсынды.

(ТАСС).

Әрбір семья газет, журнал жаздырып алатын болсын

Осы жылдың 1-октябрінен бастап еліміздегі сыяқты облыстың колхоз, совхоздарында және МТС-терінде баспасөзге жазылу басталды. Бйылғы баспасөзге жазылу науқанының өткен жылдардан едәуір ерекшеліктері бар. Өткен жылдармен салыстырғанда бйылғы газет, журналдардың тираждары анағұрлым өсті. Оның үстіне келесі жылы көптеген жаңа журналдар шыға бастайды. Бйылғы тираж саны 8 мың данадан астам жөбейді. Сонда облыс бойынша газет, журналдардың бйылғы тиражы 111 мыңнан асады.

Облысқа бөлінген тираж әрбір колхозшының, әрбір жұмысшының және әрбір қызметшінің семьясын газет, журналдармен қамтамасыз етуге толық жетеді. Сондықтан аудандық байланыс мекемелері, олардың бөлімшелері жергілікті партия, совет, комсомол және кәсіподақ ұйымдарының басшылығы мен көмегіне сүйене отырып, еңбекшілер арасында баспасөз тарату жөнінде жан-жақты жұмыс жүргізіп, әрбір семьяның баспасөз жаздырып алуына жетісуге тиіс.

Кәзір баспасөзге жазылудың алғашқы қорытындылары шыға бастады. Баспасөзге жазылу науқанының өткен 20 күні бірқатар байланыс бөлімшелері мен қоғамдық өкілдердің баспасөзге жазауды тыңғылықты ұйымдастырып, оны ойдағыдай өткізгенін көрсетуде. Кейбір байланыс бөлімшелері өздері қамтыттын мекемелер мен колхоздарда баспасөзге жазылуды толық аяқтады. Олардың қатарына Преснов ауданының Ново-Рыбинск байланыс бөлімшесін қосуға болады. Ол жоспардағы 230 дана газет, журналдың орнына, еңбекшілерге 300 дана газет,

жоспар бойын санапты. Бұлдан зиядті тоқарь Николай Белов өзінің жаңалық-тапқыштығымен коллектив күрмегіне ие болды. Газодвигательдің газ шығаратын трубасының патрубогі бұған дейін тоқарь станогінде үш жүйе тәсілетін. Алдымен зенкер аспабымен қажетті деңгейге дейін бұрғыланатын да, содан кейін екі рет ұңғымен өңделетін. Былайша жұмыс істегенде түрлі аспаптарды алып салуға біріншіден, көп уақыт кетсе, екіншіден, жоғарыда аталған қымбат тұратын аспаптар тез тозатын.

Николай Белов патрубокты бір рет бұрғылап тесуді, содан соң кескішпен екі рет жонып қайрауды ұсынды. Жанашыл тоқарьдың есебі дұрыс шықты. Кәзір бұл әдісті заводтың басқа тоқарьлары да қолдануда. Тек осы ұсынысты өндіріске енгізуден ғана мемлекетке жылғына 5 мың сомға жуық пайда түседі.

Белов жолдас бұдан басқа да көптеген бағалы ұсыныстардың авторы. Оның ұсынысы бойынша қартер қақпағын әртүрлі мөлшерде өңдейтін үш кескіштің орнына

тоқарь станогі алынғып, оның басқа жөндештерде өңделіп келген реттеуші тетік корпусын, подшипник ұясын, цилиндр ұштарын және тағы басқа тетіктерді осы жаңа станоктарда өңдеуге ауыстырғанда көп тоқарьларға қыйы соқты. Николай былайша жұмыс істеуді дехта бірінші болып игеріп, басқаларға да көмектесті. Тікелей жұмыс үстінде қателіктерін көрсетіп, оларды жоюдың жолын айтып отырды. Жаңа станокта алюминий тетіктерді өңдеудің, кескіштерді дұрыс қолданудың ерекшеліктерін түсіндірді. Кәзір Белов жолдаспен үйренген жас тоқарьлар комсомолецтер Валентин Козлов, Виктор Иванов және тағы басқалары өнімді сапалы берумен бірге, еменалық норманы 250-300 процентке дейін орындап жүр. Ал Николай Беловтың өзінің еменалық көрсеткіші 325—340 процент.

Технологиялық процестерді жетілдіру, станоктар мен жабықтарда жұмыс істегенде уақытты ұтып пайдалану ісіне жаңалықтанқып достар механикалық цехтың мастері Игорь Чеканов пен слесарь

тапқыштар деп санайды. Бұрын магнит проводының өкі жұмыр басы тоқарьлық станокта өкі операцияда өңделетін. Бұған 49 минут уақыт жұмсалатын. Заряный мен Ильичев жолдастар бұл тетіктерді өңдеуді төрт шпиндельді автоматта жүргізуді ұсынды. Кәзір магнит проводының жұмыр бастарын өңдеу 8 есе шапшаңдатылды.

Бұл сыяқты мысалдарды көптеп келтіруге болады. Заводта жаңалықтанқыштар қатары күн санап өсуде. Олар өндіріс технологиясын жақсартуға, станоктар мен жабықтарды тиімді пайдалануға, сөйтіп мемлекеттік жоспарды артығымен орындап, жүздеген мың сом қаржы үнемдеуге көмектеседі. Өткен он айға жуық уақыттың ішінде біздің жаңалық-тапқыштарымыз кәсіпорнымыз 420 мың сомға жуық пайда кестірді.

Р. ШАМИСС.

Шағын двигательдер заводы механикалық цех бастығының орынбасары.

Богонова жолдастар байланыс бөлімшелерінің бастықтарынан және қоғамдық өкілдерден жұмысты жақсартуды, еңбекшілер арасында түсінік жұмыстарын кеңінен жүргізуді талап етпейді. Оның үстіне олар байланыс бөлімшелерінде сирек болады, ондағы жағдайды жете білмейді.

Мамлют ауданының колхоз, совхоздарына және МТС-теріне жазылатын газеттер мен журналдардың тираждары да көзінде берілмеген. Осы себепті ауданның бірқатар колхоздары және МТС-тері баспасөзге жазылуды кезінде бастай алмады. Мәселен, Интернационал, Вильяме атындағы МТС-терде баспасөзге жазылу әлі күнге шындап қолға да алынған жоқ. Мұндай төзгісіз жағдай Интернационал, Дубровинск байланыс бөлімшелерінің бастықтары Дроздецкий, Яковлева жолдастарды абыржытқан емес.

Қаладағы шағын двигательдер заводында, ет комбинатында және басқа кәсіпорындарында осы күнге дейін бірде-бір адам келесі жылдың газет, журналдарына жазылған жоқ. Аталған кәсіпорындарының партия, кәсіподақ ұйымдары да жұмысшылар арасында баспасөзге жазылу ісін жақсартып, бұл жұмыспен нақтылы айналысатын байланыс бөлімшелері мен қоғамдық өкілдерге қозғау салмай отыр.

Бірқатар байланыс бөлімшелері мен баспасөзге жазылу пункттері еңбекшілер арасында газет, журналдарға ұзақ мерзімге жазылу жөнінде түсінік жұмыстарын жүргізбей, көбіне баспасөзге жазылуды қысқа мерзімге жүргізуде. Кейбір баспасөзге жазылу пункттері өздеріне берілген түрлі газет, журналдар лимитінің толық орындалуын ескермей, көптеген газет оқушыларды лимиті аз, орталық газеттер мен журналдарға жазып қойған. Мұндай жағдай Мамлют ауданының «Залотерно» мекемесінде кездесті. Мұнда «Советтік Қазақстан» журналы лимитінің орындалмауына қарамастан көптеген баспасөзге

жазылушылар лимиті аз «Огонек» журналына жазылған.

Шаруашылық және мәдени-ағарту мекемелерінің басшылары да мекемелерге кезінде газет, журналдарды жаздырып алмайды. Мәселен облыстағы 348 мәдени-ағарту мекемелерінің тек 75 ғана келесі жылдың газеттері мен журналдарына жазылды. Ал, Мамлют ауданында 6, қалыда 5 мәдени-ағарту мекемесі ғана өздеріне келесі жылға газет, журналдар жаздырып алды. Мұндай жағдай Булаев, Октябрь аудандарында да кездеспей отырған жоқ.

Әсіресе, ауыл шаруашылығының әр салалары жөніндегі арзан бағалы журналдарға жазылушылардың саны тым аз. Колхоз, совхоздардың және МТС-тердің ауыл шаруашылығы мамандары мен ауыл шаруашылығы еңбекшілері арасында ауыл шаруашылығы журналдары қанғаттанғысыз таратылуда. Облыстық совхоздар басқармасы мен ауыл шаруашылығы басқармалары, олардың басшылары Корнилович, Коробов жолдастар совхоздар мен МТС-тердегі баспасөзге жазылу жұмыстарын жеделдетпек түгіл, басқармаларға да газет, журналдар жаздыра алмай отыр.

Баспасөзге жазылу науқаны күндерінде аудандық байланыс мекемелеріне және олардың байланыс бөлімшелеріне аса жауапты міндеттер жүктеледі. Олар әрбір колхозда, совхоз бен МТС-те баспасөзге жазылу пункттерін ұйымдастырып, қоғамдық өкілдерді кеңінен пайдалану арқылы баспасөзге жазылу науқанын Ұлы Октябрь революциясының 38 жылдық мерекесіне дейін аяқтап шығуға белсене атсалысуы керек.

В. АЛЕКСАНДРОВСКИЙ.

Облыстық байланыс басқармасының бастығы.

Г. КАРТАШОВ.

Облыстық «Союзпечатьтың» бастығы.

Мектеп оқушыларын еңбекке тәрбиелеудегі маңызды шара

Мектептердегі оқу-тәрбие жұмыстарының сапасын политехникалық оқу ережелеріне сәйкес құру мақсатында жасалған жаңа оқу жоспарын жүзеге асырудың жолдары жөнінде халық ағарту қызметкерлерінің жуырда болған республикалық кеңесінде көптеген шұрделі мәселелер көтерілді. Солардың бірі мектептер жанындағы оқу мастерскойларын ұйымдастыру ісін жақсарту мәселесі.

Біздің облысымыздың кейбір мектептерінде оқу мастерскойларын ұйымдастыру ісі өткен оқу жылының өзінде ақ қолға алына бастады. Мәселен, Петровка жетіжылдық мектебі (Ленин ауданы) өткен оқу жылы мектеп жанында оқу мастерскойын ұйымдастырды. Бұл мастерскойдың жұмысын жүргізу ісінде кейбір кемшіліктердің болуына қарамастан, мектеп директоры Леванов жолдастың басқаруымен мектептің педагогикалық коллективі оқу мастерскойында оқушыларға ағаш және темір өңдеу әдістерін үйретуде елеулі жұмыстар істеді. Көптең егісі кезінде осы оқу мастерскойы колхоздарға қырықтан аса жүгері отырғызып жасап берді.

Жаңа оқу жоспары мен программалар оқу мастерскойларының жұмысын жүйелі түрде ұйымдастыруға көмектесті. Өткен оқу жылында мектептің 8-9-10 кластарының оқушылары оқу мастерскойында 5—6 класс оқушыларымен бірге жұмыс істеген еді. Ал бұйыл мектеп жаңа оқу жоспары бойынша жоғары класс оқушылары үшін экскурсиялар мен практикұмдар өткізе бастады.

Үстеміздегі оқу жылы басталғаннан бері облысымыздың барлық дерлік жетіжылдық және орта мектептерінде оқу мастерскойларын ұйымдастыру ісі қызу қолға алынды. Мектептердегі бұл істің жақсы нәтижелерге жетуіне совхоздар мен МТС-тер көп көмектесті. Мәселен, Ново-Михайловка орта мектебіне оқу мастерскойын жабдықтауда Ленин атындағы МТС (Приешім ауданы) айтарлықтай көмек берді. МТС мектептің 12 жұмысшы орны бар оқу мастерскойын қажетті құрал-аспаптармен толық жабдықтады. Мұның үстіне мектеп МТС-тен 1,5 тонналық автомашина және бір трактор, бір комбайн, бір электр моторын алды. Мұның бәрі де оқу мастерскойының жұмысын ойдағыдай ұйымдастыруға негіз болды.

Көзір мектепте 5—6 кластың 90 оқушысы осы мастерскойда жұмыс істеп, 8—9—10 класс оқушылары арасында ынтен жанатын двигательдер және автомашина, трактор құрылыстары бойынша практикұмдар өткізіліп жүр. Мектептегі машина үйрену сабақтарын өткізуге МТС механигі Белоусов жолдас тарабында.

Мектептердегі оқу мастерскойын ұйымдастыру ісіне біздің колхоздарымыз да зор көмек көрсете бастады. Жақында Приешім ауданындағы «Бостандық» колхозының мүшелері жетіжылдық мектептің оқу мастерскойын ұйымдастыру ісіне көмек ретінде 3 мың сом қаражат бөлді.

Міне, бұл жағдайлардың бәрі де мектептеріміздегі политехникалық оқудың жақсара түсуіне жол ашуда.

Бірақ, мектептерде оқу мастерскойларын ұйымдастыру ісінің барысы барлық жерлерде бірдей жақсы ұйымдастырылуда деп айтуға болмайды. Кейбір мектептердің басшылары оқу мастерскойларын ұйымдастыру ісін әлі де бастаған жоқ. Немесе кейбір мектептерде ұйымдастырыла бастаған оқу мастерскойлары толық жабдықталмай, аяқсыз қалды. Бұл кемшіліктер Полудин ауданының көптеген мектептерінің жұмыстарында орын алып отыр. Осы ауданның Фурманов атындағы (директоры Харламов жолдас), Рязкин жетіжылдық мектебінде (директоры Задорин жолдас) оқу мастерскойларын ұйымдастыруға мән берілмей келеді.


Кейбір кәсіпорындары мен МТС, совхоз басшылары мектептерге жан-жақты көмек көрсету ісіне көңіл бөлмейді. Мәселен, Соколов ауданындағы Соколов МТС-і партия ұйымының мектептерге көмек көрсету жөнінде арнаулы шешімі бола тұрса да, МТС-тің бас инженері Колоничский жолдас бұл істі ұйымдастыруды дәлелсіз сылтаулармен кейінге қалдырып келеді. Соның салдарынан МТС-тегі жетіжылдық мектепте әлі күнге дейін оқу мастерскойы ұйымдастырылмай отыр.

Біздің мектептеріміздің оқу мастерскойларында еңбек сабақтары мен практикұмдарды өткізуге оқытушылардың көзіргі кезде көптеген қиыншылықтарға кездесіп жүргендіктері мәлім. Өйткені бұл сабақтар мектептерде өткен жылдан бастап ғана жүргізіле бастады. Сондықтан еңбек сабақтары мен практикұмдарды өткізуде оқытушыларымыз әлі де болса бай тәжірибелерге ие бола алмай келеді.

Алайда аудандық оқу бөлімдері және мектеп басшылары еңбек сабақтары мен практикұмдарды өткізу жөнінде мұғалімдер семинарларын ұйымдастыруды және әрбір аудандағы озат мектептерге экскурсия жасауды ескермей отыр. Мұндай семинарлар мен экскурсиялар мұғалімдердің кездесіп отырған қиыншылықтарды жеңе отырып, еңбекке үйрету және практикалық сабақтарды өткізуде жақсы нәтижелерге жету мәңдетін шешуіне көмектесер еді.

А. КӘРІБАЕВ.

СОВХОЗДАРДЫҢ МЕКТЕПТЕРГЕ КӨМЕГІ



Петропавл қаласын көркейту жөнінде соңғы жылдарда бірқатар жұмыстар жүргізілді. Көптеген жаңа тұрғын үйлер салынып, пайдалануға берілді. Тұрғын үйлер құрылысы әлі де кең көлемде жүргізілуде. СҰРЕТТЕ: Киров көшесінде жаңадан салынып жатқан екі қабатты тұрғын үйлер құрылысында. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Мичуриннің туғанына 100 жыл толуы қарсаңында

Осы жылдың 27 октябрінде Иван Владимирович Мичуриннің туғанына 100 жыл толады. Облысымыздың мәдени-ағарту мекемелері, сондай-ақ, колхоз, совхоздары мен МТС-тері бұл даңқты күнді атап өтуге әзірленуде.

Табиғаттың ұлы өзгертушісінің құрметіне мәдени-ағарту мекемелерінде көрмелер, фото-витриналар ұйымдастырылады. Мичурин жөнінде баяндамалар мен лекциялар оқылып, кештер өткізіледі.

Облыстық кітапхана Иван Владимирович Мичуриннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне арналған фото-вitrineаны көзірдің өзінде әзірлеп қойды.

Жақында саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының облыстық бөлімшесінің мүшесі Чебыкин «Мичурин—табиғаттың ұлы өзгертушісі» деген тақырыпта лекция оқыды. Оған көптеген мичуриншілер және қала еңбекшілері қатысты.

А. ЛУЧНИКОВА.

Колхоз үгітшілері

Ленин ауданының «Бірлік» колхозында 12 үгітші бар. Олар егін, трактор бригадаларына, мал фермаларына бөлінген. Үгітші М. Қайырғалиев егін орағы кезінде механизаторлар арасында үгіт жұмыстарын жүргізді, газет-журналдардан дауыстап мақалалар мен әңгімелер оқуды ұйымдастырды.

Үгітшілер Н. Әубәкіров пен Б. Сейішев мал фермаларында да үгіт жұмыстарын жүргізуде.

Мамлют ауданында Сауыншылар жарысы

Маленков атындағы колхоздың мал өсірушілері партияның XX съезін еңбектегі табыстармен қарсы алу үшін күресуде. Олар съезд құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасып, өздеріне көтеріңкі міндеттемелер қабылдаған. Сауыншы - комсомолка Н. Клименко өзінің алған міндеттемесін аброймен орындауда. Ол өткен шаруашылық жылында жоспардан тыс 686 литр сүт сауды.

Колхоздың озат сауыншылары Омарова, Демина, Швецова қарамағындағы сауын сыйырлардың өнімділігін арттырып, жоспардан тыс жүздеген литр сүт алуға жетісті. Сол сияқты, төл өсірушілер Катаринова, Шениловалар да төлдердің төуліктік салмағын арттырып, оларды аман табынға қосты. Көзір мал өсірушілер съезд құрметіндегі жарыста алған социалистік міндеттемелерін аброймен орындау үшін күресуде.

Колхозшы Магамадова 1200 еңбеккүн тапты

Колхозшы әйел П. Магамадова көп жылдар бойы Ворошилов атындағы колхозда үзбей жұмыс істеп келеді. Оның жасы көзір 68-ден асты. Жасының ұлғайғанына қарамастан ол колхоз өндірісіне белсене қатысуда. Өткен қыста ол қой фермасында сақманны болып, қарамағындағы 250 қозыны қыстан аман шығарды. Ал, жаз күндері бұзау бақты. Колхоз басқармасы қарт колхозшының еңбегін жоғары бағалап, оған қосымша ақы берді. Өткен 9 айдың ішінде Магамадова 1200 еңбеккүн тауып, оған ақшадан басқа 24 центнер астық алды.

Астық қоймалары

Мамлют құрылыс-монтаж басқармасының коллективі элеватормен бірге астық қоймалары құрылысына қатысты жұмыстарды жүргізуде. Мұның

КӨРМЕНІҢ ҚАРТ ЭКСКУРСАНТАРЫ

Мамлют жөндеу зауытының қарт жұмысшылары Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне экскурсияға барып қайтты. Олардың ішінде завод құралғаннан бері жұмыс істейтін күзетші Иван Васнаков, цементші Григорий Неумин және басқа жұмысшылар бар. Бұлармен бірге механикалық цехтың бастығы Веремской, фармовница Евдокимова, токарь Бакуров көрмеге барып қайтты.

Көрменің қарт экскурсанттары республика павильондарында болды, онда қойылған экспонаттармен, озаттардың тәжірибелерімен танысты. Кремльде, Ленин мен Сталиннің мавзолейінде болды. Көзір олар Москвада және көрмеде көргендерін өздерінің жолдастарына айтып, пікір алысуда.

МЕКТЕП МАСТЕРСКОЙЫ ЖАБДЫҚТАЛУДА

Мамлют орта мектебінің жанынан мектеп мастерскойы салынауда. Мұнда тескіш, токарь станоктері, электр моторы болады. Мастерскойда 215 слесарьлық, ұсталық саймандар және электростанция бар. Бұл саймандардың барлығын оқушыларға Мамлют жөндеу зауытының коллективі берді.

Оқушылар мастерскойда ауылшаруашылық машина-

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Черкасский совхозында құрылыс нашар

1954 жылы Совет ауданында орнаған үш жаңа совхоздың бірі — Черкасский. Совхоз орталығы қарым-қатысқа, байланысқа қолайлы.

Жаңа орнаған совхозға мемлекет қалтқысыз көмек көрсетті. Совхоз көзіргі бай техникамен де, құрастырмалы үйлермен де мол қамтамасыз етілді. Құрылыс жұмыстарына арнайы төрт миллион сомдай қаржы да босатылды. Құрылыс участогінде жұмысшылар, автомашиналар және құрылыс материалдары жеткілікті. Сөйтін бұл құрылыс участогінің үстеміздегі жылы сегіз пәтерлі төрт үй және 112 адам тұратын жатақхана салуы белгіленді. Құрылысшылар 600 адам тұратын үй салуға тиіс болды. Бұдан басқа астық қоймаларын, асхана, магазиндер салу жоспарланды.

Бұл жоспар алынғаннан бері тоғыз айдан аса уақыт өтсе де, құрылыс жоспарының небары 60 проценті ғана орындалып отыр. Мұның өзі де есеп жүзінде ғана. Шынында, совхоздағы құрылыс участогі әлі бірде-бір объектіні пайдалануға берген жоқ.

Көзір совхоз егін жыйнауды толық аяқтап, тұқым тазартуға кірісті. Жаңа жылдың егісіне арналып бірнеше мыңдаған центнер тұқым әзірленді де. Бірақ оны сақтайтын орын болмағандықтан, дән әзірге қырман басында жатыр. Сөйтін, тұқымдық дәннің бүліну хауы бар.

Күз болып, мұзғар түсе бастағанға дейін совхоз жұмысшыларының дені әлі вагоншаларда отыр. Осыған қарамастан құрылыс барысы баяғыша, төзгісіз баяу.

Совхозда іргесі көтеріліп, құрылысы аяқталуға жуық қалған бірсыпыра құрылыстар: балалар бақшасы, емхана, кенсе, мектептер мен жөселген үйлер бар. Ама не, бұлар да толық бітпеген.

Осы аталған құрылыстарды толық аяқтауға, жаңадан бірнеше құрылыстар салуға мүмкіншілік бар. Бірақ бұл істі оңдағы құрылыс участогі (бастығы Кариман жолдас) жете ескермей келеді.

Құрылыс жұмысының осыныша баяу жүруін участок бастығы Кариман, прораб Бессмертный жолдастардың «кірпіш жетіспейді» деп дәлелдегісі келеді. Ақиқатында, совхозға кірпіш жасауға қажетті барлық жабдықтар берілді. Бірақ олар пайдаланылмай, қандай тамаша механизмдер дәлада қалды.

—Электр қуаты жоқ, механизмдер жетіспейді. Жұмыстың барлығы қолмен атқарылады—деген сияқты жыламсақ сөздерге Кариман жолдастың жаны әуес. Оның кемшілікті осымен бүркемеленісі келеді. Рас, Кариман жолдастың бұл айтқанында да аздаған шындық бар. Бірақ оларға техника берілмеген жоқ, берілді. Құрылыс участогіне совхоз әдейі бір дв-

орта мектебінің оқушылары жаз айтарында мал азығын дайындау және егін жыйнау кезінде совхоз жұмысшыларына көмек көрсеткен болатын. Совхоз басшылары оқушылардың еңбектерін жоғары бағалай отырып, егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстары толық аяқталғаннан кейін мектеп оқытушыларына алғыс айтты. Совхоздың әртүрлі жұмыстарына көмек көрсетуде алдыңғы қатарда болған 20 оқушыға 50 сомнан сыйлық берді.

Мұнымен қатар совхоз жұмысшыларының жыйналысында Чистов орта мектебіне пианино сатып алуға 4 мың сом қаражат бөлінді. Мектептің оқу-материалдық базасын нығайту мақсатында

рына түрлі ұсталық саймандар және 1 автомашина, 1 трактор берді.

Чистов совхозының мектептерге көмек көрсету жөніндегі үлгілі жұмыстарын ауданның Возвышен, Қарағанды совхоздары да қызу қолдады. Мәселен, бұл екі совхоздың дирекциялары мектептердің оқу мастерскойларын жабдықтау үшін 4 мың сомнан қаражат бөліп, совхоздары мектептерге түрлі ауылшаруашылық машиналар, автомашиналар, тракторлар және электромоторлар берді.

Совхоздардың бұл тамаша көмектері мектептердің оқу-материалдық базаларының мейлінше нығайтып отыр.

А. САЙТБЕКОВ.

ген болатын. Олар малшылар мен қолхозшыларды ел ішінде болып жатқан жаңалықтармен таныстырып тұрады.

Қ. МҰҚАНОВ.

Токсандық жоспар артығымен орындалды

Бонюхов ауданындағы Октябрь селолық тұтынушылар қоғамының коллективі үшінші тоқсанның товар айналымы жоспарын 125 процент егіп, артығымен орындады. Коллектив жылдық товар айналымы жоспарын Советтік Конституция күні — 5 декабрьге дейін орындауды ұйғарып отыр.

Д. НАРИМАНОВ.

детуде. Мұндағы астық-ты тиеу және түсіру жұмыстары механизм күшімен атқарылады.

Механикаландырылған

өзі құрылыс жұмыстарын жеделдетіп, қаржыны және құрылыс материалдарын үнемдеуге мүмкіндік беруде.

ларын, тоқар, селсары станоктарын және басқа механизмдерді менгеріп, оларды өндіріске пайдалануды үйренетін болады.

А. МӘЖІКЕНОВ.

Жарияланбаған хаттың дерегі

«Дүкен үйі жоқ»

Редакцияға түскен осы тақырыптағы тілші хаты тексеріп, шара қолдану үшін Булаев ауданы, Веселовск селолық тұтынушылар қоғамына жіберілген болатын. Хатта Ленин атындағы қолхоздың № 3 бригадасында дүкен үйінің жоқтығынан сауданың сатушының пәтерінде жүргізілетіндігі айтылғанды. Веселовск селолық тұтынушылар қоғамының председателі Кувшинов жолдас редакцияға былай деп хабарлады:

Тілші хатында көрсетілген фактілер толық анықталды. Кәзір дүкен жеке үйге орналастырылды. Алдағы жылы арнаулы үй салынады.

Дүкен асыра орындамайтын бірде бір адам жоқ.

—Біз өзара социалистік жарысқа түстік, — дейді Алексей қарттың үлкен ұлы Федор. — Мәселен мен өз інім Григориймен жарысқа түскен едім. Өзірше алда келемін. Бірақ оның көрсеткіші де мені алысқа ұзатып жібермей тұр.

Бригада коллективіндегі Алексей қарттан кейінгі жас жарынан үлкен адам осы құрылысшылардың анасы Дора Матвеевна Сорокина екен.

—Менің жұмысым негізінен бригада мүшелерін тамақтандыру, — дейді бұл тамаша қарт бізбен әңгімесінде.

Жуырда бір семьядан құралған бригада мүшелері зор қуанышқа ие болды. Олар өздеріне жекеменшік үй салып, өздерінің досқарларын жаңа қонысты тойлауға шақырды.

Тыңда туған бөбектер

Валентина Ивановна Кусина да партияның шақыруына үн қосып, өз еркімен тың жер игеруге келген жастың бірі. Алғашында жаңа ұйымдастырылған совхозда ол түрлі жұмыстарды атқарған еді. Бірақ совхоз дирекциясы оны қай ұчас-тоққа жұмысқа жіберсе де, ол өзінің қажырлы еңбегімен көзге түсетін. Жігерлі жас соның нәтижесінде халық құрметіне бөленген еді.

Өткен сайлауда тың жерді игерушілер Валентина Ивановнаға үлкен сенім көрсетті. Ол тың жер тарихында тұңғыш болған сайлауда еңбекшілер депутаттары Майбалық селолық Советінің депутаты болып сайланды. Ал селолық Советтің бірінші сессиясында Кусина жолдас Совет секретарлығына ұсынылды.

Біздің кәзіргі әңгімесіміз отырған жітті қыймылды пысық қыздың қысқаша өмірбаяны осындай екен.

—Тың жер игеруге келіп, қоянор қызметкері болып отырмын, — деді ол бізге ренішті кейіпмен.

Бірақ оның бұл сөзіне Совет председателі тіпті де келіскен жоқ.

гатель бөлі. Техникаға бақылаудың болмауы салдарынан двигателдің подшипнигі ағып, ірген шықты. Ол қайтып жөнделмей солай қалды.

Черкасский совхозында құрылыс жұмысының осынаша нашар жүргізіліп, жүздеген жұмысшылардың жүздің суығына дейін пәтерсіз қалуы, тұқым сақтайтын қоймалардың болмауы, алдымен, құрылыс үчаствогінің бастыры Кариман жолдастың өз ісіне немқетті қараушылығынан болып отыр. Ол тіпті ондаған күнді қыдырумен өткізіп жүр. Мұндай аса жауапты жұмыс саласында бұл сыяқты адамдардың осы күнге дейін орын алып отыруы өте қыйналарлық іс.

Д. КОВЯЗИН.

Жаңа совхоздан хат

Қажырлы еңбек табысқа жеткізді

Солтүстік — шығыс беткейі Омбы және Көкшетау облыстарымен шектесетін осынау айдың даланың адам аяғы баспай, тек жүрген аң мен ескен желдің мекені болып, құлазып жатқанына бірталай ғасыр болған шығар. Осы даланың ортасындағы «Майбалық» деп ат қойылған көл суын адам мен мал ауыз тимегелі де 100-ден астам жыл өтіпті. Тек «бір кезде менің жағамды да жан басқан» дегендей, солтүстіктен Орталық Қазақстанға қарай созылған үлкен жолдың сорапты ізі жатыр. Оның да бетін бетегелі шөп басып, тек ойсыраған ізі қалыпты.

Осы құнарлы өлкенің төрінде бұдан біржарым жыл бұрын, көлемі аса зор, үлкен дүбірлі еңбек басталған еді. Партияның шақыруымен, жүректің әмірімен еліміздің түрлі-түкпірлерінен өз еріктерімен келіп жүздеген патриоттар тұсыраған тыңды алтын дән теңізіне айналдыруға кірісті. Жан баспаған жапан далада сәулетті поселка орнатып, аз уақыт ішінде 23250 гектар тың көтерді. Ал быйылғы жылы олар бұл жерге алтын астық егіп, ауа райының егін шығымдылығы үшін қолайсыз болуына қарамастан әрбір гектардан 6 центнерден бидай алды. Сөйтіп жаңа совхоздың жұмысшылары жуырда ашылған облыстық ауыл шаруашылығы көрмесінен көрнекті орынға ие болды.

Тың игеру жұмысы қаншалықты қызу қарқынмен жүргізілген болса, быйылғы егін жыйнау маусымында да еңбек қарқыны бәсеңдеген жоқ. Тек осы Булаев астық совхозының егіншілері мен механизаторлары мемлекеттік дайындау орындарына жоғары сортты 500 мың пұт астық өткізді.

Майбалық көлінің жағасында

Совхоз коллективі егін жыйнау жұмыстарын келесі жылдың егісі үшін жер дайындаумен ұштастыра жүргізді. Ауылшаруашылық жұмыстарын бір бірімен байланыстыра жүргізу өз нәтижесін берді де. Бұған мысал ретінде мына бір фактіні айта кетуге болады: совхоз механизаторлары кәзірдің өзінде алдағы жылдың егісі үшін 15 мың гектардан астам жер жыртып.

—Өздерінің маусымдық жұмыс жоспарларын біржарым еседен орындаған тракторшылар біздің совхозда ондан саналады, — дейді совхоз директоры Александр Филиппович Кержанер жолдас. — Мәселен, № 6 трактор бригадасының тракторшылары М. Попов және Ф. Отстап жолдастар кәзірдің өзінде 2800 гектардай жер жыртып.

Совхоздың ауылшаруашылығы Туы да осы бригаданың механизаторларында еді. Бірақ олардың өздерінің жұмыс көрсеткіштері жағынан із өкшелей қуып шеле жатқан трактор бригадалары да аз емес екен. Олардың бірі кәзірдің өзінде 2 мың гектардан артық жер жыртып отырған В. Опаринов жолдас басқаратын № 5 трактор бригадасының коллективі. Бұл бригаданың мүшелері тракторшы А. Кочетков, А. Баженов, Д. Фролов жолдастар әр есе-нада «ДТ-54» тракторымен 10—12 гектардан жер жыртып өздерінің күнделік дәстүрлеріне айналдырыпты.

Көлхоз ғалымы Мальцев жолдастың әдісі бойынша жерді қайырмасыз плугпен жыртыу жұмысы да кең көлемде жүргізілуде. Совхоз коллективі быйылғы жылы бұл әдіс бойынша 2400 гектар жерді жұмыстауға міндеттенген еді. Кәзірдің өзінде бұл міндеттеме жартыдан астам болып орындалды. Жаңа әдіс бойынша жер жұмыстауда тракторшылар Ш. Чебаков, А. Петрушкин жолдастар еңбек үлгісін

көрсетуде. Олар «С-80» тракторымен есе-на сайын Мальцевтің әдісі бойынша 10 гектардан жер жыртып жетісіп жүр.

Келесі жылдың егісі үшін жеткілікті мөлшерде және жоғары сапада тұқым дайындау —совхоз коллективінің алға қойған басты міндеттерінің бірі. Кәзірдің өзінде совхозда 30 мың центнер тұқымдық дән бар. Оны тазартуда екі астық тазартқыш машина және 30-ға жуық совхоз жұмысшылары тәулік бойына тоқтаусыз жұмыс істейді.

Булаев астық совхозының орталық усадьбасын бір сөзбен айтқанда құрылыс алаңы деуге болар еді. Мәселен, тек быйылғы жылдың өзінде ғана мұнда 2 миллион сомдық құрылыс жұмыстары жүргізілді. Ал жыл аяғына дейін тағы да 1 миллион сомның құрылыстары пайдалануға берілмек.

Бір кезде құлазыған дала болған бұл жерде орнаған сәнді поселка қала төртібімен салынған үйлері бар кең көшелі, электр шамымен жарқыраған көркем село. Мұндағы құрылыс жұмыстарының көлемі мына цифрдан айқын көруге болады: үстіміздегі жылдың өткен 9 айы ішінде мұнда төрт пәтерлі 14 үй, бір пәтерлі 6 үй, сегіз пәтерлі екі үй пайдалануға берілді. Оның үстіне 280 шаршыметрлік көлемі бар жатақхана, нан пісіретін үй және басқа қоғамдық құрылыстар салынды. Құрылыс жұмыстары быйыл аяқталған жетіжылдық мектеп үйінде 50-ге жуық совхоз балалары оқиды.

Бұл күндері де құрылыс жұмыстарының қарқыны бәсеңдеген емес. Құрылыс бригадасының мүшелері осы айдың өзінде ғана бір пәтерлі 4 үйді, екі пәтерлі 1 үйді, магазин, дүкен үйлерін пайдалануға бергелі отыр. Оның үстіне жергілікті құры-

лыс материалдарынан салынып жатқан құрылыстар да аз емес.

Жаңа совхоздағы құрылыс жұмыстарын арнаулы құрылыс бригадасының мүшелері жүргізеді. Оның құрамында 136 адам бар. Олар бірнеше бригадаларға бөлінген.

Совхозда жекеменшікке үй салу жұмыстары да кең көлемде өріс алуы. Быйылғы жылдың өзінде ғана мемлекет совхоз жұмысшыларына өздеріне үй салу үшін ұзақ мерзімге 75 мың сом ақша қарыз берді.

Жаңа қоныстанушыларға үй салу үшін құрылыс материалдары жөнінен болсын, көлік күшімен болсын көмек көрсетуді совхоз дирекциясы ойдайдай ұйымдастыра алып отыр. Осының нәтижесінде тек быйылғы жылдың өзінде ғана 20-ға жуық жаңа қоныстанушылар өздеріне сәулетті үйлер салып алды.

Совхоздың егіншілері мен механизаторлары материалдық тұрмыс жағынан да өте жақсы тұрады. Мәселен мұнда айына орта есеппен 1000 сомнан ақша табатындар саны 200-ге жуық, ал В. Гриценко, А. Бульба, К. Тюдин, Е. Масляникова сыяқты жұмысшыларының соңғы үш ай бойғы орта есеппен алғандағы айлық еңбекақылары 1900—2200 сом болып отыр.

Бір семья мүшелерінен құрылған бригада

61 жастағы Алексей Никифорович Сорокин қартты біз жұмыс түстінде кездестірдік. Ол молярлар бригадасын басқаралы екен.

—Бригаданың құрамында 14 адам бар, — деді ол туралы Майбалық селолық Советінің председателі Иван Николаевич Сололов жолдас. — Олардың бәрі де Алексей қарттың балалары, ұлдары және немерелері.

Бір семьядан құрылған бригада мүшелері—Булаев совхозы коллективінің мақтаншысы. Бригаданың ең қарт мүшесі Алексей Никифорович пен ең жас мүшесі Владимирге дейін өздерінің тапсырмала-

—Олай емес, Валентина Ивановна, — деді Иван Николаевич. —Біз де тың игерушілерміз. Тың көтерудің тағдыры тек аңыз үстінде ғана шешілмейді. Ал Сізді халықтың өзі қалап, осы қызметке ұсынды ғой.

Біздің бұл әңгімесізді бөлмеге кірген екі адам бөліп жіберді. Жарқын жүзді жас жігіт ақ одеялды жібек көрпеге оралған жас бөбекті көтеріп кірді есіктен. Оның артынан іле кірген жас әйел өз тұңғышының қызығына әлі тоймаған шат жүзілікпен қарады бізге.

Жас өке Геннадий Ваулин бұл совхозға Украинадан бұдан бір жарым жыл бұрын келген екен. Алғашқы жылы тіркеуші болып істенгі де, кәзір тракторшылар дайындайтын күрете оқып жүрген көрінеді.

—Тұңғышым туды деген хабарды естіген соң күре дирекциясынан рұқсат сұрап келдім, — деді ол.

Оның әйелі Елена Ваулина да тыңға өз еркімен келген патриот. Бір бірін сүйіп қосылған екі жастың тұңғышы селолық Совет кітапшасына Виктор Геннадиевич Ваулин болып жазылды.

Жас жұбайлар Анатолий және Нина Савченколар Булаев совхозына Тынық Доннан келген еді. Кәзір олар бұл тың жерде нық орын тапқан байырғы тұрғынға айналды. Олардың тұңғыштары да солтүстік қазақстандық атанды.

—Тек быйылғы жылдың өзінде ғана 49 жас бөбек дүниеге келді, — дейді Валентина Ивановна. . .

Ұлы игі іс атқарып жатқан жаңа қоныстанушылар бұл күндері партияның XX съезі құрметіндегі социалистік жарысты оған әрі өрістете түсулі.

—Алғашқы сыннан мүдірмей өттік. Ендігі мақсат —ұлы партия съезін лайықты өндірістік табыспен қарсы алу, — дейді совхоз партия ұйымының секретары Останин жолдас.

Б. ЖАҚЫПОВ,
Булаев астық совхозы.

Американ конгресшілерінің Совет Одағында болған сапарлары туралы пікірлері

НЬЮ- ЙОРК, 18 октябрь. (ТАСС). «Юнайтед стейтс ньюс энд Уорлд рипорт» журналы жуырда Совет Одағында болып қайтқан АҚШ конгресшінің мүшелерімен жасалған әңгімені жариялады.

Сенатор Янг (республикашыл, Солтүстік Дакота штатынан) американ конгресшілерінің Совет Одағына барған сапары сыяқты мұндай сапарлар «зор пайда келтіреді» деп атап өткен. «Бұл сапарлар өзара неғұрлым достықпен түсінісуге көмектесетін болуға тиіс. Орыстардың біздің елге келген сапарлары жөнінде де осыны айту керек».

Янг бұдан кейін Совет Одағынан кетерде совет халқына деген анағұрлым достық сезімдермен және «Россия жайында бұрынғыдан гөрі сәл басқаша әсер алып» кеттім деген.

Журнал өкілдерінің сұрақтарына Янг былай деп жауап берген: Совет Одағының экономикасы «менің ойлағанымнан анағұрлым жақсы өркендеуде... Өнеркәсіп маған сүйсінерлік әсер— басқаның бәрінен гөрі зор әсер етті».

Янг совет-американ саудасының мүмкіндіктері туралы сұраққа, кейбір ескершелер айта тұрса да, дұрыс жауап берген.

Сенатор Эллиендер (демократ, Луизиана штатынан) Совет Одағындағы жағдай өзінің күткендегісінен анағұрлым жақсы болып шықты деп мәлімдеген және Құрама Штаттар мен Совет Одағы арасында неғұрлым көлемді сапарлар жасасуға шақырған. Ол былай деген: «өзара жүдіктенушіліктерді жоюдың ең жақсы тәсілі— бұл американдардың Россияға бару сапарлары және орыстардың Америкаға келу сапарлары». Эллиендер сонымен қатар өзара жүдіктенушілікті бәсеңдету қарулануға жұмсалатын қаржыны азайтуға жеткізе алады деген.

Сенатор Дворжак (республикашыл, Айдахо штатынан), сапардан кейін «өзінің Россияға көзқарасы өзгерді ме?» деген сұраққа жауап беріп, былай деп мәлімдеген: «Мен өзгерді деп айта алар едім. Біріншіден, орыстар экономикалық жағынан күшті, менің ойлағанымнан әлдеқайда күшті деп айтар едім. Олардың бізбен ешбір теңдесе алмайтыны, олардың бізге қарсы тұра алмайтыны, тағы сондайлар туралы көптеген әңгімелер болды. Бірақ менің мынаны айтуыма рұқсат етіңіздер: істің жайы тіпті де бұлай емес. Олардың ауылшаруашылық өндірісі, мүмкін, жеткіліксіз шығар. Бірақ бұл — зор мүмкіндіктері бар ел».

Дворжак бұдан кейін өзімен кездескен совет адамдарының жылы шырайлылығы өзіне зор әсер еткенін айтып, бұдан кейін Совет Одағында өзінің көңіл бөлген барлық сұрақтарына жауап алдым деген.

тор былай деп жауап берген: «Ия, достықпен қараймын. Мен оларды, — олардың басшыларын ғана емес, сонымен бірге халықтың өзін жақсы түсінемін, міне осы мағынада анағұрлым достықпен қараймын. Олар да дәл біз сыяқты адамдар, олар да атом соғысын дәл біз сыяқты аз тілеуде».

Сенатор Мэлон (республикашыл, Невада штатынан) былай деген: оның пікірінше, Совет Одағы экономикалық жағынан күшті және бұрынғыдан да күшейе түсіп келеді, ал «бірнеше жылдардан кейін коммунистік блок өзіне шектекті нәрселердің бәрі жөнінде өзін-өзі толық қамтамасыз ете алатын блокке айналады». Мэлон «салмақтың орталығы Европада Азияға — Россия қосылатын Азияға ауысты» деген пікір айтқан. Ол және былай деген «менің сіздерге тағы да кейбір нәрселерді айтуыма рұқсат етіңіздер: басқа халықтардың істеріне араласудың орнына біздің өз системамызды жұмыс істей алатын системаға қалай айналдыру үшін өзіміздің күш-жігерімізді баса жұмылдыратын уақыт жетті»...

Өкілдер палатасының мүшесі Робсон (республикашыл, Кентукки штатынан) былай деп атап өткен: Совет Одағы сырысты тілемеңді, «өйткені ол өзінің ресурстарын дамытуға және өз халықтарының өмір дәрежесін арттыруға өз күштерін баса жұмылдыруды тілеп отыр». Робсон сонымен қатар шиеленістің жалпы бәсеңдегені байқалады, ал көзір біздің орыстармен өз қыыншылықтарымызды реттей алатын болуымыз үшін бұрынғыдан анағұрлым жақсы мүмкіндіктер бар деген пікір айтқан.

Сенатор Фрир (демократ, Делауар штатынан) советтік экономика өзінің күткендегісінен анағұрлым күшті деген, ал оның өзі совет адамдары тарапынан достық көзқарасты көрген.

Тіпші одан: «сіздің сапарыңыз сіздің Россия жайындағы пікіріңізді өзгертті ме?» деп сұраған. Фрир былай деп жауап берген: «кейбір жағынан алғанда, бұл көзқарас, меніңше, өзгерген сыяқты... Мен олар жөнінде анағұрлым достық сезіммен елге қайттым»...

Сенатор Партелл (республикашыл, Коннектикут штатынан) өзінің бұл сапары нәтижесінде Совет Одағы жөніндегі көзқарасы өзгерген жоқ, бірақ оның өзінде «орыс халқы бейбітшілікке мейлінше ұмтылып отыр» деген әсер туды деп мәлімдеген. Бірақ Партелл Құрама Штаттарды «күш көрсету саясатын» жүргізу мақсатымен соғыс қуатын жыйнақтауға шақырған.

Сенатор Хеннингс (демократ, Миссури штатынан) Совет Одағына барған өзінің сапары кезінде адамдардың өз жұмысына өз уақытын қарайтындығын өзіне өси...

Белградты азат етудің онбір жылдығы

БЕЛГРАД, 20 октябрь. (ТАСС). Бүгін Белград өзінің азат етілуінің онбір жылдығын атап өтеді. Таңертеңгі сағат 10-да Белградты азат ету жолындағы ұрыстарда қаза тапқан югославия және совет жауынгерлерінің зыяратына венкоктар қою үшін қаланың әртүрлі ұйымдарының өкілдері жыйналды. Қаза тапқан жауынгерлердің бейітіне Югославия Халық армиясынан, Белград ауданының халық комитетінен, Белград қалалық комитетінен, Югославия коммунистер одағынан және басқа ұйымдардан венкоктар қойылды.

Күні бойына Белград тұрғындарының қалың топтары, бұрынғы партизандар, әскери қызметшілер, студенттер мен мектеп оқушылары өздерін азат етушілерді еске түсіру үшін зыяратқа қарай ағылып жатты. Олардың көпшілігі гүлдер бумасын апарып, оларды бейіттерге қойды. Ондаған гүл бумасы совет жауынгерлеріне орнатылған ескерткіштер жапына қойылды.

Данияның Фолькетинінде

КОПЕНГАГЕН, 19 октябрь. (ТАСС). Кеше Фолькетинге (парламентте) Премьер-Министр Х. К. Хансеннің жуырда сөйлеген программалық сөзі талқылана бастады. Социал-демократиялық топтан сөз сөйлеген Поуль Хансен үкіметтің программасын қолдады. Премьер-министрдің мәлімдемесін анықтай келіп, Поуль Хансен атлантикалық саясатты ешбір жағдайда бәсеңдетуге және соғыс шығындарын азайтуға болмайды деп атап көрсетті. (Премьер-Министр Х. К. Хансен экономикалық қиыншылықтардың салдарынан соғыс құрылыстарын салу азайтылады, бірақ НАТО қаржыландырып отырған соғыс объектілерінің құрылысы толық көлемінде жүргізілетін болады деп мәлімдеген болатын).

Венетре партиясының басшысы Эрик Эриксен өзінің сөзінде халықаралық қатынастардағы жаңа жағдайдың маңызын және бараламауға болмайды деп атап көрсетті. Егер, деді ол, соғыстың енді жерде қабылдауға болатын сыртқы саясаттың құрамы бола алмайтынын біз шын мәнісінде түсініп отырған болсақ, онда мұның өзі ең алдымен нақты ерік, мүдделер мен сенімдерді өзара түсіну және күрметтеу керек болатын уақыт туды деген сөз.

Батыс Германиямен қатынастар туралы айта келіп, Эриксен Герман Федеральдық Республикасының даниялық аз ұлттар жөнінде берген уәделері орындалады дегенге күмәнданатынын білдірді.

Консерватор Акселл Меллер былай деп мәлімдеді: Дания халықаралық жағдайдағы шиеленісті бәсеңдету саясатын қолдауға тиіс, бірақ ол өзінің бұрынғы сыртқы саясатынан (яғни Солтүстік-атлантикалық

Жак Дюклоның Париждағы митингте сөз сөйлеуі

ПАРИЖ, 19 октябрь. (ТАСС). Кеше Парижда еңбекшілердің Солтүстік- Африкадағы жағдайға арналған бұқаралық митингісі болды.

Митингте Француз Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің секретары Жак Дюкло сөз сөйледі. Ол былай деп мәлімдеді: Францияның билеуші топтары, өскі әдістердің жәрдемімен өздерінің үстемдігін сақтаудың мүмкін еместігіне көздері ашқаннан кейін кәзіргі уақытта Солтүстік- Африкада жазалау шаралары саясатын жүргізуде. Француз Компартиясы, деп атап көрсетті Дюкло, «интеграциялау», яғни Алжирді Францияның құрамына толығымен қосу саясаты дейтінге батыл қарсы шықты.

«Тунис халқымен қандай келіссөздер жүргізілген болса және таяудағы уақытта Марокко халқымен қандай келіссөздер жүргізілетін болып отырса,— деді Дюкло, — Алжир халқымен де нақ осындай келіссөздер бастау қажет. Алжирдің ұлттық проблемасы туып отырғанын мойындап, Алжир халқының өз істерін өзі бас-

қаратын правосына таласпау қажет. Тек келіссөздер ғана Францияның шын мәнісіндегі мүдделеріне сай келеді... Біз, коммунистер, халықтардың тәуелсіздігі мен тең правосылығы жолындағы күрескерлер, әрбір халықтың өзін-өзі билеу правосын таныймыз. Сонымен бірге біз бәлкі правосынан бөлініп шығу міндетті деген ұғым тіпті де тумайды деп мәлімдейміз».

Ұлттық жыйналыстың көпшілік дауыспен Фор үкіметіне сенім көрсеткенін митингке қатысушыларға хабарлап, Дюкло былай деп атап көрсетті: Францияның еңбекшілері Алжир халқымен бірлесіп отырғып, Алжирдегі және бүкіл Солтүстік Африкадағы соғыс шаралары саясатын тоқтату жолындағы күресті онан әрі жүргізе береді.

Митингте сонымен қатар Француз Коммунистік партиясы Саяси бюросының мүшесі Жаннетта Вермерш, Оран (Алжир) департаментінен депутат Алиса Спортшос және басқалары сөз сөйледі.

Ресми туристік ұйымдардың халықаралық одағының Бас Ассамблеясы X сессиясының ашылуы

ДЕЛЛИ, 19 октябрь. (ТАСС). Ресми туристік ұйымдардың халықаралық одағының (РТҰХО) атқару комитеті бүкілодақтық акционерлік «Интурист» қоғамын осы ұйымның мүшелігіне алу туралы өтінішін қарап, РТҰХО Бас Ассамблеясының бүгін Делиде ашылған X сессиясына «Интурист» ұйымның мүшелігіне алуды ұсынды. Атқару комитеті сонымен қатар Полианың «Орбис» мемлекеттік туристік ұйымын РТҰХО мүшелігіне қабылдау басталды.

40 елдің өкілдері болып табылатын 70-

ше жуық делегат қатысып отырған ассамблеяның сессиясын Индияның қатынас жолдары министрі Лал Бахадур Шастри ашты.

Сессияда Индияның Премьер-Министрі Джавахарлал Неру сөз сөйледі, ол халықтар арасындағы мәдениет байланысының құралы ретіндегі туризмнің маңызын атап көрсетті және туризмді дамыту жолында қолдан жасалып отырған кедергілерді жоюға шақырды.

Американ самолеттері ҚХДР-дің әуе шекараларын әлі де бұзуда

ПХЕНЬЯН, 19 октябрь. (ТАСС). Пхеньян радиосының хабар еткеніндей, 1955 жылғы 15 сентябрьден 4 октябрьге дейін американ соғыс самолеттері ҚХДР-дің әуе шекараларын 10 рет бұзған.

15 сентябрьде американ соғыс самолеттері әуе шекарасын үш дүркін бұзған. Атап айтқанда, сол күні 9 сағат 20 минутта Червон жағынан ұшып келген екі моторлы американ соғыс самолети Хадасан ауданының үстімен ұшып, содан кейін оңтүстікке қарай кетіп қалған.

1 октябрьде бір сағат 0,6 минутта американ барлаушы соғыс самолети Хасингхо ауданының үстіне ұшып келіп, содан кейін оңтүстікке қарай ұшып кет-

кен. 4 октябрьде 11 сағат 00 минут американдар барлаушы соғыс самолетінің Гальмибон мен Мусан аудандарының үстіне ұшып келгені байқалған. Самолет оңтүстікке қарай ұшып кеткен.

18 октябрьде Кореядағы уақытша бітім жөніндегі соғыс комиссиясының секретариатындағы Корея- Қытай жағының өкілі американдар соғыс самолеттерінің ҚХДР әуе шекараларын әлі де бұзып отырғанына американдар жағының назарын аударған және бұған айыптыларды уақытша бітім туралы келісімнің негізінде жауапқа тартуды, сонымен қатар мұндай оқыйғаларға бұдан былай жол бермеуге шаралар қолдануды талап еткен.

Пакистан-Афганстан қатынастары жайында

КАРАЧИ, 19 октябрь. (ТАСС). «Дзон» пікірінше, Афганстан мен Пакистан үгі-

А. А. КАЛИНИН

1955 жылғы 21 октябрьде еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Советі атқомі председателінің бірінші орынбасары, Қазақстан КП обкомінің бюро мүшесі, Қазақ ССР Жоғарғы Советі



мен еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің депутаты Андрей Андреевич КАЛИНИН кенеттен қайтыс болды.

1927 жылдан Коммунистік партияның мүшесі А. А. Калинин өзінің бүкіл саналы өмірін Советтік Отан мен Коммунистік партияға қызмет етуге арнады.

А. А. Калинин 1906 жылы Москва қаласында туды. Ол өзінің еңбек жолын 1921 жылы ағаш өңдеу зауытында ағаш шеберінің үйренушілігінен бастады. 1927 жылдан 1933 жылға дейін Москва қаласының орталық кәсіп одақ органдарында жауапты қызметтерде істеді.

1933 жылы партияның Орталық Комитеті А. А. Калининді жыйырма бес мыңшылар қатарында Солтүстік Қазақстан облысына, Торангүл ет- сүт совхозы саясаттық бөлімінің бастығы етіп жіберді. Ол осы жұмыста төрт жылдан аса уақыт істеді.

А. А. Калинин 1937 жылдан 1949 жылға дейін уәбестен Қазақстан КП Ленин, Булаев және Соколов аудандық комитеттерінің бірінші секретары болып қызмет істеді. Ал 1949 жылдан бастап соғыс уақытқа дейін еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Советі атқару комитеті председателінің бірінші орынбасары болып қызмет етті.

Совет Одағының өзі бастаған ақта-
лып, Дворжак былай деп атап өткен:
Совет адамдары «көңілді, сергек, әсерлі
адамдар. Ауышарушылық көрмесінде
мен Россияның барлық түкпірлерінен
келген адамдарды байқадым. Олардың
шырайлы жүздері мені таңдандырды.—
олар дені сау, шат көңілді, жақсы шын-
ген адамдар көрінді».

Дворжакқа осы елде болғаннан кейін
Совет Одағына өнегүрлім достықпен қа-
райсыз ба деген сұрақ қойылған. Сена-

Жапон парламенті делегациясының Қытайда болуы

ПЕКИН, 18 октябрь. (ТАСС). Халық
өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысы
Турақты комитетінің председатели Лю
Шао-цидің және халық өкілдерінің Бүкіл-
қытайлық жыйналысы Турақты комитеті-
нің бас секретары Пын Чжэньнің шақы-
руы бойынша жапон парламенті мүшеле-
рінің делегациясы Қытайда болды. Жапон
парламентшілері КХР-дің алты жылды-
ғымен байланысты саттанаттарға қатысты.

15 октябрьде жапон парламенті мү-
шелерінің делегациясын Қытай Халық
Республикасының Председатели Мао Цзэ-
дун қабылдады. Бұл кездесуде Қытай
жағынан сонымен қатар Лю Шао-ци,
Чжоу Эн-лай, Сун Цин-лин, Ли Ци-
шэнь, Пын Чжэнь және басқа ресми адам-
дар болды. Жасалған әңгіменің негізінде
бірлескен мазмұндаманың тексті келісіліп,
оған 17 октябрьде Пекинде халық өкіл-
дерінің Бүкілқытайлық жыйналысы Ту-
рақты комитетінің бас секретары Пын
Чжэнь және жапон парламенті делега-
циясының басшысы Эйици Камбаясиама
қол қойды. Мазмұндамада былай делінген:

«Екі жақ қытай-жапон достығына,
бейбітшілікке, Қытай мен Жапония ара-
сында дипломатиялық қатынастар мен
сауданы оңдауға қатысты бар мәселелер
жөнінде пікірлер алысып, төмендегі мәсе-
лелер жөнінде келісімге жетті:

1. Қытай мен Жапония екі жақтың
арасында дипломатиялық қатынастарды
оңдау мақсатымен пайдалы күш-жігер
жұмсауға тиіс.

2. Ал сауда қатынастарына келетін
болсақ, Жапонияның Қытайдан экспорт
ретінде алуына болатын товарлар мен ма-
териалдардың көп бөлігіне Солтүстік-
атлантикалық одақтың Париждегі кон-
сультациялық тобының ынтымақтасу ко-
митеті қойған шектердің салдарынан әм-
барға жасалып отыр. Бұл жағдай өзгер-

түсті әсер етті деген. «Мен асқан зор
жігерді және еңбек ісіне берілгендікті
көрсеттім... Мен осындай зор құрылым,
— деген ол, —соның ішінде тұрғын үйлер
құрылымы жүріп жатыр деп ойлаған
жоқ едім».

Кейбір конгрессшілер, өз әңгімелерінен
көрініп отырғанындай, америка конгрес-
сінің едәуір топтарында Совет Одағы жа-
һында орын алып отырған өздерінің те-
ріс ұғымдарын, жалпы алғанда, СССР-да
болғаннан кейін де өзгертіпеген.

тілуге тиіс және қойылған шектерді же-
шеуілетпей жою мақсатымен күш-жігер
жұмсалуда тиіс.

3. Қытай мен Жапония астаналарында
товарлардың көрмелерін екі елдің
арасында сауда байланыстары жөнінде
дегі тұрақты ұйымдар етіп қайта құру.
Екі ел басқа елден жіберілетін қызмет-
шілерді өзара қорғауына алуға тиіс.

4. Екі елдің арасындағы мәдениет бай-
ланысы Қытай мен Жапония арасындағы
бейбітшілік пен достыққа атсалысады.
Екі ел мұны онан әрі дамытуға ұмтыла-
тын болуға тиіс.

5. Қытай да, сондай-ақ Жапония да
өздерінде тұратын бұл елдердің азаматта-
рына тиісіне қамқорлық жасап, олар-
дың өздерінің туған еліне өркін келуіне
және одан өркін кетуіне мүмкіндік беріп
түруге тиіс.

6. Қытай мен Жапония өткен уақытта
өлген адамдардың сүйектерін туған ота-
нына жөнелтіп келген болатын. Алдағы
уақытта екі жақ өлген адамдардың сүйек-
терін туған отанына жөнелтуді мүмкін-
дігінше жедел жүзеге асырып отыруға
тиіс.

7. Қытай жағы былай деп мәлімдейді:
соғыс қылмыстыларының тағдыры тура-
лы мәселені шешу Қытайдың суверенді
правосы болып табылады және ол соғыс
қылмыстыларының тағдыры туралы мә-
селені үзілді-кесілді шешені туралы
таяудағы уақытта жалпы жұртқа жария-
лайды.

Қытай жағы мен Жапон жағы жоғары-
да баяндалған, өздері келісіп отырған пі-
кірді қуаттайды және оны жүзеге асыру
үшін мүмкін болған шараның бәрін істеу-
ге өзін еркін білдіреді».

ПЕКИН, 18 октябрь. (ТАСС). Жапон
парламентінің делегациясы бүгін таңер-
тен КХР-ден туған отанына жүріп кетті.

ЕГИПЕТТІҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ ПОЛЯК ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНДА БОЛУҒА ШАҚЫРУДЫ ҚАБЫЛ АЛҒАН

КАИР, 19 октябрь. (ТАСС). Египеттің
сыртқы істер министрінің ресми өкілі
былай деп хабарлады: Египеттің премь-
ер-министрі Гамаль Абдель Насер өзінің

Совет Одағында болатын сапарынан ке-
йін жері қайту жолында Поляк Халық
Республикасында болуды ұсынған поляк
үкіметінің шақыруын қабыл алды.

одаққа қатысудан) бастартпауға тиіс.

Радикалдар тобынан Бертель Дальгөрд
сөз сөйледі. Ол, атап айтқанда, былай
деп мәлімдейді: радикалдық партия соғыс
шығындарын, атап айтқанда соғыс құры-
лыстарына жұмсалатын шығындарды
шектеуге әзірлік жасалып жатқаны ту-
ралы премьер-министрдің сөздерін қанағат
тұтып атап өтті.

Алжирдегі жағдай жайында

ПАРИЖ, 19 октябрь. (ТАСС). Париж
газеттерінде 1954 жылғы 1 ноябрьдеп
1955 жылғы 30 сентябрьге дейін Ал-
жирде жүргізілген соғыс қылмыстары-
ның құрбандығына ұшырағандардың са-
ны туралы ресми деректер жарияланды.

Бұл деректер бойынша, Алжир зәте-
рілісшілерінің арасында 2176 адам өл-
ген, 227 адам жараланған. Хабарламада
былай деп көрсетілген: зәтерлісшілер
алып шешкен жаралымдардың көп бөлігін
өсіпке алу мүмкін болмады. Сонымен
бірге ұрыстарға қатыспаған Алжирдің
тұрғындары арасында да көп адам құр-
бандыққа ұшыраған.

Бұл уақыттың ішінде Алжирдегі фран-
цуз әскери бөлімдерінен, полиция мен
жандармериясынан 317 адам өлген, 578
адам жараланған және 28 адам хабар-
-шарсыз шеткен.

Қазақстан КП Петропавл қалалық комитеті мен еңбекшілер депутаттары қалалық Советі атқомі қаланың барлық коммунистері мен еңбекшілеріне талапты ұйымдастырушы, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің ісі үшін қажырлы күрескер, ҚКП обкомінің бюро мүшесі, еңбекшілер депутаттары қалалық және облыстық Советтерінің, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқомі председателинің бірінші орынбасары
Андрей Андреевич КАЛИНИННИЦ
1955 жылғы 21 октябрьде мезгілсіз, кенеттен қайтыс болғандығын хабарлап, марқұмның үй-ішіне көңіл айтады.

Қазақстан КП облыстық комитетінің қызметкерлер коллективі облыстық Советі атқомі председателинің бірінші орынбасары, Қазақстан КП обкомінің бюро мүшесі, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің депутаты
Андрей Андреевич КАЛИНИННИЦ
1955 жылғы 21 октябрьде кенеттен қайтыс болғанына қатты қайғырып, марқұмның үй-ішіне көңіл айтады.
Қазақстан КП обкомі қызметкерлерінің коллективі.

Еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Советі атқару комитетінің қызметкерлер коллективі еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқомі председателинің бірінші орынбасары, Қазақстан Коммунистік партиясы обкомінің бюро мүшесі, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің депутаты
Андрей Андреевич КАЛИНИН
жолдастың мезгілсіз қайтыс болғандығын қайғырып хабарлап, марқұмның үй-ішіне шын жүректен көңіл айтады.
Еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқомінің қызметкерлер коллективі.

сыртқы істер министрінің өкілі 18
октябрьде Пакистан үкіметі өзінің Кабул-
дағы елшісіне көрі шақырып алуға қарар
қабылдады деп мәлімдейді. Бұл өкіл және
былай деген: мұндай қарар Афғанстан
үкіметінің осындай қыймылдарына жауап
берген шара ретінде қабылдады.

Карачидегі дипломатиялық топтардың

Кипрдегі студенттердің демонстрациясы

ЛОНДОН, 19 октябрь. (ТАСС). Рейтер
агенттігі тілшісінің Фамагустадан (Кипр
аралы) берген хабарына қарағанда, бүгін
мұнда студенттердің демонстрациясы бо-
лып, оған екі мыңға жуық адам қатыс-
қан. Демонстрацияшылар: «ағылшындар,

АҒЫЛШЫН ӘСКЕРЛЕРІНІҢ СУЭЦ КАНАЛЫ АЙМАҒЫНАН ӘКЕТІЛУІ

КАИР, 19 октябрь. (ТАСС). Баспасөз-
дің хабарлауына, шығыс аймағы әскер-
лерінің команданысы генерал Али Амер
көше баспасөз конференциясында былай
деп хабарлаған: Англия—Египет келі-

меттерінің өздерінің дипломатиялық өкіл-
діктерінің басшыларын шақырып алуы-
нан екі елдің арасындағы дипломатия-
лық қатынастар үзілді деген ұғым тумай-
ды, бірақ, солай бола тұрса да, бұл қый-
мылдардың осы елдер арасындағы қаты-
настарды жаңадан шиеленістіретіні кү-
мәнсіз.

тайып тұрыңдар!», «энозис жасасын!»
деген ұрандар айтқан. (Энозис Кипрді
Грециямен біріктіру деген сөз. —**Ред.**)

Демонстрацияшыларға қарсы винтовка-
лармен және көзден жас ағызатын газ
толтырылған гранаталармен қаруланған
әскерлер мен полициялар жіберілген.

сіміне қол қойылған күннен бастап осы
уақытқа дейін Суэц каналы аймағынан
49.031 ағылшын солдатты мен офицері
әкетілді. 1956 жылғы 19 июньде дейін
тағы да 31 мың 696 адам әкетілуге
тиіс.

БРАЗИЛИЯДАҒЫ ЕРЕУІЛДЕР

НЬЮ-ЙОРК, 19 октябрь. (ТАСС). Юнай-
тед Пресс агенттігі тілшісінің хабарлауы
бойынша, шешен Сан-Пауло ауданында 100

мың металлург және ағаш өңдеу заводта-
рының 20 мың жұмысшысы ереуіл жа-
риялаған. Ереуілшілер жалақыны артты-
руды талап етуде.

мақсы ұйымдастырушылық қолдети,
партиялық және совет жұмыстары жө-
нінде зор тәжірибесі бар А. А. Калинин
барлық күш-жігерін өзіне тапсырылған
іске арнады.

Онымен кездескен адамдардың барлығы
А. А. Калининді ойлы, талап қоя ала-
тын, тәжірибелі қызметкер және сезімтал,
сергек жолдас деп білетін. Ол өз жол-
дастары арасында сергек және коллек-
тивте зор беделді еді. Облыс еңбекшілері
А. А. Калининді еңбекшілер депутаттары
облыстық Советі мен Қазақ ССР Жоғарғы
Советіне депутат етіп сайлап, оған
зор сенім көрсетті.

Совет Үкіметі А. А. Калининнің Отан
алдындағы еңбегін жоғары бағалап, оны
Ленин орденімен және медальдармен нағ-
раптады.

Советтік Отан мен Коммунистік партия-
ның алау ұлы Андрей Андреевич Кали-
ниннің бейнесі біздің өсімізде ұзақ сақ-
талады.

- Попадько, Оспанов, Подгор-
бунский, Омаров, Борзов,
Маявин, Пелипов, Поляков,
Лосев, Петров, Дроздецкая,
Зайтов, Вотяков, Щербанов,
Ағыбаев, Коробов, Шиарупа,
Цимбал және басқалары.

Редактор **Е. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» кинотеатрында
«АНДРУСТЫҢ БАҚЫТЫ»
Сеанстар сағат 6-30, 8-30 және 10-30-
да басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында
«ӨЗЕН АР ЖАҒЫНДАҒЫ БАРЛАУ»
Сеанстар сағат 5, 7, 9, 11-де бастала-
ды.

1956 ЖЫЛҒА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУШЫЛАР ҚАБЫЛДАНАДЫ

1956 жылғы 1 октябрьден бастап барлық орталық, республикалық, облыстық және аудандық газеттерге жазылушылар қабылдана бастады.

Барлық республикалық газеттер мен журналдарға жазылушыларға шек қойылмайды.

Газет, журналдарға барлық аудандық байланыс мекемелерінде, бөлімшелері мен агенттіктерінде, «Союзпечатьтің» барлық аудандық бөлімшелері мен киоскаларында, сол сыяқты, ведомстводағы және колхоздағы хат тасушылар арқылы, завод, фабрикалардағы, колхоздар мен МТС, совхоздағы және мекемелер мен оқу орындарындағы қоғамдық өкілдер арқылы жазылуға болады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02373 Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.